Н.И.Ильминский, Н.П.Остроумов освещали в своих работах историю развития народного образования и школьного дела в Казахстане с точки зрения колониальных интересов царизма. Возникновение казахов как народности в исследованиях многих ученых относятся к XIV-XV вв. Тюркоязычные и другие племена, которые объединились в один могущественный народ, несли свою духовную и экономическую культуру. По утверждению Г.Назарбаевой, Х.Абжанова («Казахстан: тарих пен тагдыр»), казахское общество XIV-XVII вв. жили духовно богатой, насыщенной жизнью. И утверждение о том, что до революции не было образованных казахов, имеет под собой необоснованную почву. Так в исторических документах есть свидетельства о том, что среди казахов было достаточно учителей специалистов по естественным наукам, сельскому хозяйству. Различные объективные и субъективные причины

препятствовали развитию образования среди казахов. Так, отсутствие различных ступеней образования в регионе не давало возможность казахам заканчивать последовательно одну за другим учебные заведения.

Таким образом, проблемы источниковедения и историографии занимают ведущее место в методологии истории. Каждая эпоха вносила свои коррективы в представление об исторических источниках. Успехи исторической науки, несомненно, связаны с расширением круга источников, вводимых в научный оборот, в совершенствовании методов обработки, хранения, анализа и передачи имеющейся в них информации.

### Литература

1. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1984.-272 с.
2. Дахшлейгер Г.Ф. Историография Советского Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1969. - 117 с.
3. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 322 с.
4. Козыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории.- Алма-Ата: Рауан, 1990. – 136 с.

\* \* \*

*Мақалада ғылым қатарындағы тарихи зерттеулер эмпирикалық және теоретикалық деңгейлерді көрсететін шиеленісті және теңгерім жүйе екендігін, сонымен қатар тарихи зерттеулердің құрылымындағы ең маңызды кезеңі тарихи базасының қалыптасуы болатыны туралы айтылған.*



**А.М. Балыкова**

*М. Әтеісов атындағы  
БҚМУ аспиранты*

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛА  
ХАЛҚЫ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНІҢ**

**ӨСІМІ ТУРАЛЫ**

**(1926-1989 ж.ж.)**

XX ғасырдың басында өлке халқының көбі оқи да, жаза да алмады. Сондықтан да, революциядан кейін бірден ересектердің сауатын ашып, оқыту үшін мектептер мен курстар ашыла бастады. Материалдық жағдайы мен мәдени күштері бар аймақтарда сауатсыздарға арналған мектептер жұмыс жасай бастады. 1920 жылы жергілікті халық ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздық жөнінде комиссиялар құрылды, олар сауатсыздардың есебін алуды ұйымдастырумен, педагог-мамандарды даярлаумен, курстар мен мектептер ұйымдастырумен, көмекші оқу құралдарын басып шығарумен айналысты. Кейінірек бұл жұмысты «сауатсыздық жойылсын» қоғамының жергілікті бөлімшелері жүргізді. Барлық жерлерде дәрістер оқылып, бір күндік, үш күндік, айлықтар өткізілді. Сауаттылықты ашу жұмыстарының қиын жүргені сөзсіз, өйткені қаржы қаражат жетіспеді, мұғалімдер, көмекші құралдар, жазу құралдары болмады. Соған байланысты ВКПб өлкелік комитеті көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға аудандық білім беру басқармасының жұмыстарын нығайту мақсатымен Қазақ Педагогикалық институтының бірінші түлектерін аттандырады. Осындай мамандардың бірқатары Батыс Қазақстанның облыстарына да бет алған. Мысалы, Батыс Қазақстан облысына 4 маман, Ақтөбе облысына 4 маман 1933 жылы алғашқы қазақ жоғары оқу орнын бітіріп келген (1).

30 жылдардың ортасындағы ересектерді оқыту жүйесіндегі ерекшелік сауатсыздықты жою шала сауатсыздықты жеңумен қатар жүргізілді. 1933 жылы болған 8-Бүкілқазақстандық өлкелік конференция ересектерді оқыту, есепке алу ісінде мектептерді оқулықтармен, жазу құралдарымен қамтамасыз етудегі елеулі кемшіліктерді ашып көрсетіп, оларды болдырмаудың нақты шараларын көрсетеді. 1933 жылы Қазақ АКСР-і мен өлкелік комитеті Халық комиссарлары Кеңесінің бастауыш және орта мектептерде жаңа оқу жылын ұйымдастыру туралы жарғысы қабылданады. Онда 8-12 жас аралығындағы мектеп жасындағы балаларға арналған облыстар бойынша мынадай орындық мектеп-интернаттарды ұйымдастыру туралы айтылады. Барлығы 30500 балаға арналған мектептер ашу көзделді (2).



Батыс Қазақстан облысының өзінде 1935 жылы облыс көлеміндегі әліппелік сауатсыздарының саны 95 мың адам болса, оның ішінде 56 мыңы әйелдер болды. Сауатсыздықты жою және мектеп жұмысының жүйелі жолға қойылуына республика көлемінде ұйымдастырылған жарыстар ықпал етті. Бұл сайыстардың негізгі көрсеткіштері оқу жылына мектептерді әзірлеу, мұғалімдерді тұрғын үйлермен қамтамасыз ету, мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, ересектердің арасында оқуды жолға қою болды. Облыс тұрғындарының сауаттылығы 1935 жылы 55 пайызға көтерілді (3).

Шешімін таппаған бір мәселе білім жүйесіндегі бастауыш, орталау және орта мектептердің мұғалімдерінің жетімсіздігі болатын. Соған байланысты, 1937 жылдан бастап, мұғалімдерді даярлауға арналған қысқа мерзімді курстар ашыла бастады. Қазақ КСР ХКК мен ВКП(б) Өлкелік комитеті бастауыш, орталау және орта мектептерге мұғалімдерді даярлау ісімен қоса педагог мамандардың біліктілігін арттыру мәселесін қолға алды. Осыған орай, 1937 жылы Өлкелік комитеттің 7 пленумының жарғысы жарық көрді. Онда, аталмыш педагог-мамандар, мұғалімдердің сырттай оқумен қамтылуын қадағалау тапсырылады. Сәйкесінше, бастауыш мектептердегі 4,5 және 6 кластық білімі бар мұғалімдердің Батыс Қазақстан облысы бойынша 837-сі, Ақтөбе облысы бойынша 913-і сырттай оқуға түсуіне мүмкіндік жасалады (4).

Осы жылдары бастауыш, орталау және орта мектептердегі ұстаздардың арнаулы және жоғары білімдеріне деген талап күшейіп келеді. Оның куәсі, 1938 жылы Қазақстанда 19 жоғары оқу орны болған. Оның ішінде 7-і екі жылдық мұғалімдер институты болды. Батыс Қазақстанда жоғары оқу орындарының желісінде бұл уақытта 3 оқу орны болды. Олар 1932 жылы негізі қаланған Орал педагогикалық институты, Ақтөбе мұғалімдер және Орал мұғалімдер институты болатын. Осы оқу орындарындағы студенттердің саны 1937 жылы 584 адамды құрады, олардың ішінде казактардың саны 393 адам, жалпы әйелдер саны 171 адам да, казак әйелдерінің саны 60 адамды құрап отыр. Сонда, жоғары білімге тартылған казак қыздарының үлес салмағы жалпы әйелдердің арасында 35,1 пайызды құрайды (5). Демек, жыл артқан сайын жоғары білімді ігеруге студенттер де көптеп тартыла бастады.

Гурьев облысында жылма-жыл білімге тартылған оқушылар саны арта түсті. 1939-1940 жылдары оқушылар саны 7696 балаға өскен. Ал, жоғары сынып оқушылары мен педагогикалық училищені бітіруші түлектер саны 1937-1938 оқу жылы 120 болса, 1939-1940 оқу жылдары 180 оқушыға көбейген (6).

Маңғыстау өңіріндегі мектеп жүйесінің барысына назар аударайық. Мысалы, 1914-1915 оқу жылдарында барлығы 22 мектеп қана болды. Оның 4-і қала мектебі де, қалған 18 ауылдық мектептер болатын. Олардың



барлығы да бастауыш білім беретін мектептер ғана болды. Ал, 1927-1928 оқу жылдарында бұл көрсеткіштерге елеулі өзгерістер енеді. Мектептер саны 31-ге артады. Оның ішінде қала мектептері 5, ауыл мектептерінің саны 26 болатын. Кейінгі 1937-1938 оқу жылында Маңғыстау ауданында орта білім беретін 2 қалалық мектеп пайда болды. Ауылдық бастауыш мектептерінің саны 27, жетіжылдық мектептер саны 12-ге жетті. Ал, 1937-1938 оқу жылы мектеп қабырғасында 6530 бала білім алған (7). Осы оң өзгерістердің бәрі халықтың білім деңгейінің көтерілуіне ықпал етті.

1939 жылғы санақ мәліметтері бойынша Батыс Қазақстан бойынша білім деңгейі жоғары өңір Орал облысы болып отыр. Әсіресе, қала халқының білім деңгейі Ақтөбе және Гурьев облыстарымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды. Тұтас Батыс Қазақстан бойынша жоғары білімді, сонымен бірге, аяқталмаған болса да жоғары, орта, орталау білімі бар халықтың деңгейі қала халқында жоғары көрсеткішке ие болып отыр. 1939 жылы жалпы 9-49 жас аралығындағы халықтың сауаттылық деңгейінің пайыздық көрсеткіші бойынша да Орал облысы 92,8 пайызға ие болған. Осы уақытта Ақтөбе облысындағы сауаттылық деңгейі 87,9, Гурьев облысындағы сауаттылық деңгейі 82,2 пайызды көрсеткен.

Соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта білім маңайында негізгі басым бағыт соғыстың ауыр әлеуметтік және демографиялық салдарының орнын толтыруға бағытталды. Бейбіт өмір салтының қалыптасуы барысында білім жүйесінде оң өзгерістер бола бастады. 1948 жылы қаңтарда Қазақ КСР Министрлер Кеңесі мен Қазақстан КОКП ОК республикадағы халық білімі дамуының жалпы жоспарын қабылдады. 1949-1950 оқу жылдары жаппай міндетті жеті жылдық білім жүйесі енгізіле бастады, облыс орталықтарында, сонымен қатар, ірі өнеркәсіпті қалаларда жалпыға бірдей орта білімге бет алу бағыты байқалды. Мектептер саны айтарлықтай өсіп, ондағы оқушылар саны да артты. 1948 жылы Орал облысындағы қала-көнеуістарда барлығы 28 мектеп болды. Жалпы оқушылардың саны 328 бала болды. 1950-1951 оқу жылында қалалық мектептердегі оқушылардың саны 12905 оқушыға артқан (8).

Жалпыға бірдей жеті жылдық білімге бағыт алуға байланысты, өндірістен қол үзбей оқу үшін жалпы білім беретін кешкі және сырттай оқитын мектептер желісі кеңейе түсті. Жоғары сыныптарда, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқудың ақысы тоқтатылды. Мысалы, 1947-1948 оқу жылдары Орал педагогикалық училищесін 92 маман аяқтаса, фельдшерлік мектепті 58 фельдшер, 13 медбике тәмамдаған (9).

1958 жылы қабылданған «Мектептердің өмірмен байланысының нығаюы және КСРО халық білімі жүйесінің болашақта дамуы» туралы жарлық мектептердің политехникалық оқу негізінде өндіріспен тығыз



ынтымақтаса қайта құрылуына негіз қалап, бастама болды. 1958 жылғы мектеп реформасына сәйкес, педагогикалық мамандар құрамының сапалы өзгерісіне арналған курстар басталды. Сол уақыттың өзінде педагогикалық ұжымдарды жоғары білімді мұғалімдермен толықтыру мәселесі қойылған болатын. Мұғалімдердің білімін жетілдіру ісі ұйымдастырылып, Оралда 1954 жылы білім жетілдіру институты құрылды. Республикада педагогикалық институттар ашылды. Солардың бірі Гурьев қаласында 1952 жылы ашылған мұғалімдер институты болатын.

Соғыстан кейінгі жылдар барлық білім жүйесінің мектепке дейінгі, орта, жоғары білімнің даму жылдары болып сипатталады. Жалпы, Батыс Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиенің ошақтарын қалыптастыру соғысқа дейінгі жылдарда басталған еді. Бала бақшалар мен ясли ашу 1930 жылдардан қолға алынды. 1940 жылы 37 балабақша мен ясли жұмыс істеп, оларда 1162 сәби тәрбиеленген. Оған қосымша мектепке дейінгі балалар үйінде 1574 тәрбиеленуші бала болды. 1960 жылы облыста 71 бала бақша мен ясли қызмет етті. Балалар бақшасында тәрбиеленуші сәбилердің саны жыл артқан сайын артып отырды. Осындай көрсеткіш Маңғыстау ауданында байқалды. 1957 жылы қалалық балалар бақшасында бары 20 ғана бала тәрбиеленсе, 1959 жылы сәбилер саны 45-ке артты (10).

Қазақстандағы білім жүйесінің дамуы турасында айтылғанда, ондағы оң құбылыстарды ерекшелеуіміз керек. Қарастырылып отырған кезеңде республикада тек қана барлық деңгейдегі оқу орындары ғана емес, сонымен бірге, оқушылардың демалысын қамтамасыз ететін және олардың шығармашылық қуатын дамытуға септігін тигізетін мектептен тыс мекемелерге үлкен мән берілді. Орал қаласында осындай мекемелердің іргетасы 30 жылдары қаланған музыкалық мектеп болатын. Ал, 40 жылдары пионерлер мен мектеп оқушыларының үйі, 50 жылдары балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептері ұйымдастырылды. Осылайша, білім беру ісінің дамып, нығаюына сәйкес мектептен тыс мекемелердің де саны көбейді.

Республикада жоғары білім жетістікке жетті, ол дамыған ғылыми-техникалық революция бағыттарымен, осы уақыттағы басшылықтың саясатымен байланысты болды. 1950 жылдардың екінші жартысында бұрынғы КСРО-да жоғары мектептерді «периферизациялау» курсына бағыт алынды. 1950 жылдардың екінші жартысы мен 1960 жылдардың басында Қазақстанда 11 жоғары оқу орны ашылды. Солардың ішінде Ақтөбеде медицина институты ашылды. Сонымен қатар, Ақтөбеде, Гурьевте мұғалімдер институты педагогикалық институт болып өзгертілді.

Республикадағы техникалық білімге тән ерекшелік Қазақстандағы өнеркәсіптік орталықтарда техникалық жоғары оқу орындарының



филиалдарының құрылуы болып табылды, жұмысшыларға өндірістен кол үзбей-ақ оқулары үшін қолайлы жағдай туғызылды. Бүкілодақтық сырттай жоғары оқу орындарының филиалдары мен оқу-кеңестік пункттері арқылы Қазақстанның жоғары оқу орындары бұрын ашылмаған мамандықтар бойынша мамандар дайындыктарын өткізді. Осындай филиалдар мен кеңес беруші пункттер Гурьев, Ақтөбе қалаларында құрылды. Сонымен бірге, республиканың барлық техникалық жоғары оқу орындарының кешкілік бөлімдері болды, жұмыс жасайтын жастар еңбектен кол үзбей жоғары білім алды.

Осы оң өзгерістер Батыс Қазақстан халқының білім деңгейіне оң әсер етті. Бұл өзгерістер қала халқының білім деңгейінде ерекше байқалды. Батыс Қазақстан қала халқының білім деңгейіндегі өзгерістер туралы келесі цифрлар бойынша айтуға болады. 1939 жылы 9-49 жастағы сауатты қала тұрғындар 87,0 пайыз болса, 1959 жылы 96,6 пайыз болды. Жоғары және арнаулы орта білім игерген халық саны айтарлықтай артты және бұл өсім әйелдер арасында жедел қарқынмен дамыды. Орташа қазақстандық көрсеткішпен салыстырса, Батыс Қазақстан қала халқының сауаттылық деңгейі 1959 жылы ерлердің арасында теңеседі. Ал, қалалық әйелдер арасында 95,5 пайыздық көрсеткішпен алға шығады.

Жалпы қазақстандық көрсеткіштермен салыстырғанда Батыс Қазақстандағы қала халқының білім деңгейі төмен болды. Соның өзінде, жалпы Батыс Қазақстандағы білімге тартылған халықтың ішінде қала халқының білім деңгейі жоғары болды. Әйелдер арасындағы білім деңгейі ерлер арасындағы білім көрсеткішіне жақындап, кейбір жағдайда одан асып түсті. 1959 жылы жоғары білімді игерген Батыс Қазақстанның қала халқының саны 7713 адам болды. Ол жалпы Батыс Қазақстандағы жоғары білімді халықтың 66,0 пайызын құрады. 1939 жылмен салыстырғанда жоғары және орта білім игерген қала халқының өсім пайызы 260 пайызды құрады, ерлер арасында 224, әйелдер арасында 323 пайыз болды.

Халық шаруашылығына маман-кадрларды дайындау ісі 60 жылдары жалғасын тапты. 1963 жылы Орал қаласында ауылшаруашылығы мамандарын дайындайтын Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты ашылады. Онда бухгалтерлік есеп және аудит, экономика, мал дәрігері, механика салаларына мамандар даярланды. Батыс Қазақстанда дәстүрлі педагогикалық, ауыл шаруашылығы, медицина институтымен бірге, Ақтөбе облысында 60 жылдары азаматтық авиацияның ұшқыштар училищесі ашылды. Сонда барлығы, 60 жылдары 4 жоғары оқу орны болды. Сәйкесінше, студенттердің динамикасы жасақталды. 1965 жылы барлығы Батыс Қазақстанның жоғары оқу орындарында 10,5 мың студент оқып білім алған. 1975 жылы студенттер саны 16,2 мыңға артқан (11).

70-80 жылдары Батыс Қазақстанның зиялы қауым өкілдері өзге республикалардан келген ғылыми-техникалық потенциалмен, өндірістік-



техникалық интеллигенция өкілдерімен толықты. Соған байланысты, Батыс Қазақстандағы зиялы қауым өкілдері 60-80 жылдары 3,1 есеге артқан. Соның бір дәлелі Каспий аймақтық тау-кен металлургия комбинаты жанынан 1976 жылы Шевченко қаласында жалпы техникалық факультет ашылды. 1980 жылдары бұл факультеттің күндізгі, кешкі және сырттай бөлімдерінде 16 мамандық бойынша жоғары білімді кадрлар дайындалды. Кейіннен 1990 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 3-қаулысымен жалпы техникалық факультет Қазақ политехникалық институтының Маңғыстау филиалы болып құрылды.

Республиканың ең шалғай өлкесінің бірі Маңғыстау өңірінің халқы үшін балаларды оқыту, оларды тиісті мамандыққа баулуда жер шалғайлығы, жол қаражаты кедергі келтірді. Жалпы бұл өңір жастарға жоғары білім беруде ұзақ жылдар артқа қалды. Тек, 1983 жылы педагогика училищесі, 1985 жылы медицина училищесі, мұнай техникумы, 1993 жылы Ақтау политехникалық институты, Атырау университетінің Ақтау филиалы ашылған болатын.

Батыс Қазақстанда бірыңғай білім беру жүйелерінің қалыптасу процесі 70-80 жылдарға таман аяқталды. Егер, 1982-1983 оқу жылында Батыс Қазақстан бойынша жалпы білім беретін 1285 мектеп болса, 1989-1990 оқу жылында мектептер саны 1339 мектепке көбейді. Егер, 1960-1960 оқу жылында оқушылар саны 196,4 мың болса, 1989-1990 оқу жылында 428,8 мың оқушыға, немесе 2,1 есеге артқан (12). Ал, еңбекпен қамтылған қала халқының арасында жоғары және орта білімге тартылғандар Гурьев облысында аймақтың басқа облыстарымен салыстырғанда басымырақ. Демек, қарастырылып отырған кезең Батыс Қазақстандағы білім жүйесінің қалыптасу дәуіріндегі күрделі де, қарама-қайшылықтарға да толы кезең болды. Білім жүйесі сауатсыздықпен күрес жолынан басталып, жаппай бастауыш, орта, жоғары білім беру үрдісі сынды көлемді өзгерістерді бастан кешті. Егер, 20 жылдардың аяғы - 30 жылдардың басында Батыс Қазақстан облысында қалалық 18 бір сатылы, 2 жеті жылдық және орта, 11 сауатсыздық жою мектебі болса, 80 жылдардың аяғында мектептер саны 70-ке жетті. Осындай көрсеткіш аймақтың басқа да облыстарына тән. Гурьев қаласында 20 жылдардың аяғы - 30 жылдарының басында бары 1 гимназия, 2 приход және дін мектебі жұмыс істеген. Мектептер саны 80 жылдардың аяғында Гурьев облысында 58-ге жетті. Маңғыстау облысында 20 жылдары сауатсыздықты жою саласында қалалық 3 мектеп, уездік 1 мектеп жұмыс жасайды. Қарастырылып отырған кезең сонында Маңғыстау облысында қала-қоныстардағы мектептер саны 35-ке жетеді. 20 жылдардың аяғы - 30 жылдардың басында Батыс Қазақстан қала-қоныстар желісінде бары 3 жоғары оқу орны болды. Олар Оралдағы педагогикалық және мұғалімдер институты, Ақтөбедегі мұғалімдер институты болды. Ондағы



студенттер саны 30 жылдары небәрі 584 адамға жетті. Арадағы 60 жыл уақыттан соң 80 жылдары Батыс Қазақстанда 6 жоғары оқу орындары болды. 80 жылдары аталмыш оқу орындарында 21200 студент оқыды.

Жоғарыда көрсетілген сандық көрсеткіштер халыққа білім беру мен ағарту жұмыстарындағы айтарлықтай жетістіктерді куәлайды. Соған қарамастан, мәселенің сапалық жағына байланысты кері көлеңкелі салдары да болды. КСРО-да барлық білім жүйесі стандартталған үлгі бойынша ұлттық және мәдени ерекшеліктер ескерілместен құрылды. 1950 жылдардың екінші жартысында 1960 жылдардың басында көптеген қазақ мектептері орыс мектептеріне айналдырылды, немесе жабылып қалды. Сонымен бірге, берілген оқу сағаттарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту сағаттары үнемі қысқарды. Халық білімін дамытудағы негативті тұс болып жаңа жоғары оқу орындары мен орта мектептердің уақыт талабына сай қызмет етуін қамтамасыз ете алмайтын материалдық, ғылыми-техникалық және маман ресурстарының жетіспеуі. Алайда, кеңестік білім жүйесінің жалпы әлемдік деңгейден қалыс қалуы туралы тұжырыммен келісе алмаймыз. Зияткерлік, ғылыми потенциал тәуелсіз Қазақстанға бұрынғы мемлекеттік құрылыстан қалған жетістік болатын. Егер, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша республиканы дамушы елдер қатарына жатқызсақ, білім деңгейі бойынша дамыған елдер қатарына қоямыз. Білім мен интеллектуалдық потенциалдың іргетасы дәл осы қарастырылып отырған уақытта қаланған болатын.

#### Әдебиет

1. ҚР Президентінің Мұрағаты, 141-к, 1-т, 6558-і, 43-45 бб.
2. ҚР ПМ, 141-к, 1-т, 6560-і, 7-8 бб.
3. Рысбеков Т.З., Этюды истории родного края. Уральск, 2002., -120-б.
4. ҚР ПМ, 708-к, 1-т, 568-і, 10-11бб.
5. ҚР ПМ, 708-к, 2/1-т, 756-і, 49-б.
6. ҚР ПМ, 708-к, 4/1-т, 1363-і, 66-67 бб.
7. Атырау облыстық мемлекеттік Мұрағаты, 300-к, 9-т, 79-і, 15-б.
8. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік Мұрағаты, 1553-к, 2-т, 34-і, 3-9 бб.
9. БҚ ОММ, 4-к, 17-т, 27-і, 173-б.
10. Маңғыстау облыстық мемлекеттік Мұрағаты, 108-к, 1-т, 2-і, 174-б.
11. Рысбекова С.Т., История социального развития интеллигенции Западного Казахстана (1965-1985гг.). Автореф. дис. на соиск... Алматы. 1999., -14-б.
12. Кесте бойынша есептелді: Итоги Всесоюзной переписи населения 1989г. -Алматы. 1992., -13-147 бб.

\* \* \*

*В статье рассматривается рост образовательного уровня городского населения Западного Казахстана в 1926-1989 гг.*



ӘОЖ 93 (574.1) «18/19»

**Ә.Ү. Ермағамбетова**

*ізденуші,*

*Х.Досмұхамедов атындағы*

*Атырау мемлекеттік*

*университеті*

**ХІХ ғ. АЯҒЫ - ХХ ғ.  
БАСЫНДАҒЫ БАТЫС  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК-  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛ**

ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғ. басында Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай дәстүрлі қазақ шаруашылығының ыдырауымен қатар капиталистік қатынастардың қалыптасуымен, қоғамның әлеуметтік дифференциациясының күшею процесімен ерекшеленді. Бұл кезеңде Қазақстан экономикасы бірқалыпты дамымады. Қазақстан аймақтары экономикалық дамуы жағынан тарихи жағдайлар мен шаруашылыққа, сондай-ақ мәдени орталықтар, темір жол мен тауар өткізу орындарына жақын орналасуына және табиғи-климаттық жағдайларға байланысты әркелкі болды. Жалпы алғанда Қазақстан ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында дәстүрлі шаруашылығы қалыптасқан феодалдық-патриархалды, аграрлы өлке болатын. Бұл кезеңде капиталистік қарым-қатынастар енді ғана қалыптаса бастады. Өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшелігін Батыс Қазақстан аймағы бойынша қарастырып көрейік. Басқа облыстардағы сияқты Орал облысы халқының негізгі кәсібі мал шаруашылығы мен егіншілік болды. Мысалы: Бірінші Жалпы Санақ мәліметтері бойынша жоғарыда көрсетілген шаруашылық түрлерімен облыс тұрғындарының 62,88%-ы және 19,91%-ы айналысқан. Облыс халқының басым бөлігін көшпелі қазақтар құраса, оның ішінде 87,13%-ы мал шаруашылығымен, егін шаруашылығымен 9,52%-ы айналысты. Басқа халықтар туралы айтатын болсақ, облыс тұрғындарының басым бөлігі егін шаруашылығымен бірге аңшылық пен балық аулауды кәсіп қылды.

Халықтың белгілі бір бөлігі шикізат өндеумен қатар саудамен айналысты. (1) Маңғышлақ уезінің экономикалық құрылымы Орал облысына карағанда сәл ерекшеленеді, яғни негізгі тұрғындардың басым бөлігі 95,26%-ы мал шаруашылығымен, 0,17%-ы егін шаруашылығымен айналысты. Басқа облыстарға карағанда географиялық орналасуына байланысты бұл аймақ тұрғындары өзеннен балық аулау кәсібімен де айналысты. Бөкей Ордасы халқының негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды, халқының 96,2%-ы осы шаруашылықпен айналысты. Егін



шаруашылығы бұл аймақта нашар дамыды, барлық тұрғындардың 45%-ы, яғни 290 адам осы кәсіппен айналысты.

Сонымен қарастырып отырған уақытта Батыс Қазақстанның экономикалық құрылымы табиғи-климаттық жағдайларға карамастан біркелкі болғанын байқаймыз. Халықтың негізгі кәсібі аграрлық өндіріс болып қала берді. Өнеркәсіп дамуының қарқынды болмауы себепті, экономикада салмақты роль атқармады. Дегенменде, XIX ғ. соңында Қазақстан экономикасының болашақтағы дамуын анықтайтын алғашқы бағыттардың қалыптасқанын көруге болады. XIX ғ. аяғы - XX ғ. басында егін шаруашылығы негізгі тұрғын халықтың кәсібіне айналады. 1897ж. санақ бойынша қоныс аударушылардан басқа егін шаруашылығымен өлкенің 56,56%-ы айналысқан. Село тұрғындарының басым бөлігін, яғни 2/3 бөлігін кедейлер мен батрактардан тұратын қазақ шаруалары мен қоныс аударушы шаруалар құрады. Таптық жіктелулер кедейлер санының көбеюімен бірге, ірі феодалдардың қалыптасуына әкелді. Жер мен мал байлар мен кулактардың қолында болды. XX ғ. басында өлкенің төрт далалық облысының 10 уезіндегі жылқының 88%-нан 91%-на дейінгісі байлар мен ауқатты шаруалардың қолында шоғырланды. Мысалы: Ішкі Ордадағы бір ірі феодалдың өзі 700 десятина жерді егістікке пайдаланып, малдарын сатуға шығарып, 20-30 адамды тұрақты және 300-400 адамды уақытша мерзімге жалдап отырған.

Қонысаударушылардың негізгі кәсібі егін шаруашылығы болғандықтан, шығарған өнімдері олардың кіріс табысының 45%-ын құрады. Бұл жерде айта кету қажет, қоныс аударушылардың басым көпшілігі табыс көзі - жер іздеп келген эмигранттар болатын. Дегенмен де олардың қолында село шаруашылығын жоғары дәрежеде дамыту үшін қажетті мүмкіндіктер болмады. Сондықтан да қоныс аударушылардың басым бөлігі егін шаруашылығындағы топырақ құнарсыздығын тездететін, тиімсіз әдісті қолданып келді. Жаңа жерлерді игеру арқылы бірнеше жыл қатарынан өнім алып отырған қоныс аударушылар жерді құнарту арқылы пайдаланғаннан гөрі, жаңа жерлерден тез табысқа қол жеткізуге болатындығына көздері жетті. Көптеген қоныс аударушылардың әдейі елді-мекендерге тіркелмеулерінің де себебін жер тозғаннан кейін құнарлы жерлерге өз беттерінше көшіп отырғандығымен түсіндіруге болады. Әрбір 2-3 жыл сайын қоныс аударушылардың басым бөлігі өз учаскелерін тастап жаңа жерлерді немдену үшін көрші облыстарға көшіп отырды. Сондықтан да, қоныс аударушылар Қазақстанға жер өңдеудің жоғарғы техникасын енгізіп егін шаруашылығының дамуына қолайлы әсер ете алды деп айта қою қиын. Керісінше, қоныс аударудың алғашқы кезеңдерінде жерді пайдалануда жыртқыштық бағыт қалыптасты. Кейін, құрғақшылық жылдары жерді жалға алу мүмкіндігі шектелген уақыттарда қоныс аударушылар егін



шаруашылығының рациональды жүйесіне көшуге мәжбүр болды. Қоныс аударушы шаруалардың негізгі кәсібі бидай өндіру болды. Барлық облыстардағы негізгі өсіруші мәдениет қысқы және жазғы бидай болды. Сонымен қатар қара бидай, сұлы, картоп, қызылша, темекі және т.б. XIX ғ. 90 жылдардың басында қоныс аударушылар өзі үшін ғана емес, сондай-ақ сауда-саттыққа бау-бақша өнімдерін өсірумен айналысты. Егін шаруашылығы техникасы өте төменгі дәрежеде болды, негізгі еңбек құралы “сабан” деп аталатын қарапайым соқа болды.

XIX ғ. аяғында ірі шаруашылықтарда қажетті мөлшерде фабрикалық орақ, соқа ұнтағыштар пайдаланыла бастады. Жалпы егін шаруашылығының дәрежесі тың жерлердің молдығына қарамастан өнім шығымдылығы бірқатар себептерге байланысты төмен болды. Шығымдылықтың төмен болуының негізгі себебі: топырақ құнарсыздығына әкелген жер өндеудің экстенсивті әдісі еді. Бір жағынан бұл жағдайдың қазақ шаруалары үшін тиімді болған тұстарында айта кету қажет. XIX ғ. аяғында Қазақстанның егін шаруашылығындағы қоныс аударушылардың саны жарты миллионға жеткен болатын.

Қазақ шаруалары мен қоныс аударушыларының арасында мал шаруашылығына қажетті жерді сақтап қалуға және нәтижесінде отырықшылыққа көшуге мәжбүр еткен бәсекелестікті туғызды. Осындай факторлардың барлығы егістік жерлердің кеңеюіне, бидай мен басқа да ауылшаруашылық өнімдерінің көбеюіне ықпал етті. Егістік жерлердің кеңеюі мен бидай өнімінің ұлғаюы Қазақстанның өз ішінде, сонымен қатар шеткері аймақтарда нан саудасын кең түрде жүргізуге мүмкіндік берді.

Сонымен, тауар-ақша қатынасының нәтижесінде XIX ғасырда Қазақстан ет, май, бидай сияқты ауылшаруашылығы өнімдерін ірі өндіруші болып табылды. Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі натуралдық шаруашылықтың ыдырауы мен қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің күшеюіне негіз болған, шаруаларды отарлаумен тығыз байланысты.

Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі нәтижелерінің бірі ретінде қазақ шаруашылықтарының отырықшылану процесінің жедел қарқында жүруін қарастыруға болады. Жерінен айырылып қалудан сақтану, жерлерді тартып алуға қарсылық көрсету сияқты факторлар қазақтардың отырықшылыққа көшуін тездетті. Бұндай процестердің интенсивтілігі Қазақстанның әр аймақтарында әр түрлі болды. Капиталистік қатынастардың шапшаң енуіне байланысты солтүстік аудандарда бұл жағдай қарқынды дамыды.

Отырықшылану процесі туралы мәселе қозғаған кезде қазақтардың негізгі кәсібі бұрынғысынша көшпелі мал шаруашылығы болғанын айта кетуіміз керек. Бұрын, тарихи әдебиеттерде бұндай жағдай дәстүрлі



шаруашылықтың артта қалғандығын көрсетеді деп түсіндіріліп, кері кетушілік деп есептелінді. Бірақ та қазіргі тұжырымдамаларға сүйене отырып қазақтардың отырықшылануға белсенді қарсылық көрсетуін және олардың сол кездегі Қазақстанның көптеген аудандары үшін шаруашылықтың қолайлы түрін қалауын, экономикалық мүддемен байланыстыру қажет. Сонымен қатар отырықшылану процесіне кері әсерін тигізген – Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына мүдделі емес патша өкіметінің отарлау саясаты болатын.

Патша өкіметі мен орыс буржуазиясы үшін Қазақстанды мал өнімдерін жеткізуші ретінде пайдалану әлдеқайда тиімді болды.

Егіншіліктің дамуының нәтижесінде қазақ ортасында нан сатумен айналысатын сатып алушылар пайда болды. Бұндай үрдіс қазақ шаруашылығындағы көшпенділіктен отырықшылыққа көшу нәтижесінде, бидай өсіретін аудандардағы егіншілікте тауарлық элементтер пайда болып жайылым, шабындық, егістік жерлер ақшамен бағалана бастады. Кейбір жағдайларда шөп шабу табыс көзіне айналды. Сауда, тауар айырбас және жәрмеңкелер қазақ қоғамының өмірінде маңызды роль атқара бастады.

XIX ғ. соңында Қазақстанда сауданың 3 формасы: айырбас, жәрмеңке және тұрақты сауда дамыды. Отырықшылыққа байланысты қазақ көшпелі шаруашылықтарының қысқаруы және нарықтық қатынастардың дамуы нәтижесінде қазақ көпестерінің саны көбейе түсті. Бұрын қалыптасқан өсімқор капиталды сауда ығыстыра бастады. Ақша қатынастарының дамуын ақша салықтарын енгізудің нәтижесінде ірі қаржының байлар мен өсімқорлардың қолына жинақталуымен және олардың өз кезегінде осы ақша айналымынан үлкен табыс тауып отыруымен байланыстыру қажет.

Сонымен, капиталистік қатынастардың дамуы нәтижесінде казак шаруашылықтары бірте-бірте нарық қажеттіліктеріне икемделе бастады. Тауар өндірісінің өсуі патриархалды-феодалдық қарым-қатынастардың ыдырауына және капиталистік қарым-қатынастың қалыптасуына әкелді. Ол өз кезегінде сауданың, егін және мал шаруашылығының дамуына, халық санының өсуіне, жаңа қалалардың пайда болуына, бұрынғы қалалардың дамуына себепші болды. Капиталистік қатынастар қазақ қоғамында дифференциацияның күшеюіне, яғни кедейлер мен байлар арасындағы алшақтықтың ұлғаюына әкелді. Ірі мал иелері мал өндірушілерге, ал кедейленген шаруалар ауыл шаруашылығының жұмысшысына айналды. Сонымен XX ғ. басында қазақ қоғамының дәстүрлі қалыбы өзгеріске ұшырады, әлеуметтік құрылым ерекшеленді, өндірістік қатынастар трансформацияланды. Осы процестердің барлығы Қазақстанда XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында феодалдық-патриархалдық қоғам ыдырап, капитализм қалыптаса бастағанын дәлелдейді.



Бұрын казак қоғамындағы дифференциациялық құбылыстарды мындаған малды иемденген байлар арқылы мүлік теңсіздігін көруге болатын болса, енді бұл салыстыру өзгеріске ұшырады. Әлеуметтік жіктелу мал санының өсуімен қатар ақшалай каражатының көп болуымен ерекшеленді. Нәтижесінде жаңа әлеуметтік тип-енді ғана қалыптасушы казак буржуазиясының өкілі – бай-кулак қалыптасты. Бай-кулактардан басқа казак буржуазиясының қатарына алыпсатарларды, саудагерлерді қосуға болады. Сондай-ақ казак буржуазиясының белгілі бір бөлігін феодалдық – рулық, аксүйектер өкілдері-сұлтандар мен билер құрады. Бірақ, казак буржуазиясының қалыптасу кезені баяу жүрді.

С.Асфендияровтың есебі бойынша казак халқының 8-12% -ын билер құрады.(4) Мал мен қаржының басым бөлігі де осы байлардың қолында болатын. XX ғ. басында казак байлары мал өнімдерін тек шекаралас аудандарға ғана емес, сондай-ақ Европалық Ресейге де шығарып отырды. Капиталистік қатынастардың дамығандығы туралы Қазақстан территориясында Банктердің ұйымдастырылуы да дәлел бола алады. Қазақстанның кредиттік жүйесін Ресей мемлекеттік банкінің бөлімдері, Акционерлік коммерциялық банктердің филиалдары, Кредиттік қоғам, Қалалық қоғамдық банктері құрады. Қазақстанда алдымен Ресей Империялық мемлекеттік Банкінің бөлімдері құрыла бастады. Осы Банкінің бөлімдері XIX ғ. 70-80 жылдары Орал, Петропавл, Семей, Омбы, Верный қалаларында ашылады.

XX ғ. басында Қазақстанда ірі коммерциялық банктер: Орыс-Азиаттық, Петербор, Халықаралық коммерциялық, Азов-Дон коммерциялық, Орыс сыртқы сауда, Орыс сауда-өнеркәсіп, Сібір Сауда, Петербор есеп және қарыз, Москвалық көпестік банктердің бөлімдері ашылды.(5) Қазак буржуазиясы орыс қаржыгерлерімен тығыз байланыс орнатуға тырысты.

Қазақстандағы капиталистік қатынастардың дамуында темір жолдың салынуы маңызды роль атқарды. XIX ғ. соңында Рязань-Уральск, Самара-Орынбор темір жолдары салынған болатын. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Қазақстан үшін ең маңызды магистраль Сібір темір жолы болды. XX ғ. басында Қазақстанда темір жолдың ұзындығы 2800 шақырымды құрады.

Жоғарыда атап кеткендей, зерттеліп отырған уақытта Қазақстан өнеркәсібі өте баяу дамыды. Сауда жасау арқылы тез әрі мол табыс табуға болатындығына көздері жеткен орыс және казак буржуазиясы өндірісті, оның ішінде, ауыр өнеркәсіпті қаржыландыруға ынталы болмады. Керісінше, шетел кәсіпкерлерінің өнеркәсіпті дамытуға деген ынтасының болғандығын олардың көмір, мұнай, жез орындарында ұйымдастыру жұмыстарымен айналысқандықтарымен түсіндіруге болады. Орыс өнеркәсіпшілерінің қаржысы алдымен ауылшаруашылығы



шикізатын өңдейтін фабрика-заводтар мен сауда көздеріне бағытталды. Бірақ, бірте-бірте баяу болса да орыс капиталистері пайдалы қазбаларды игеруге әрекеттене бастайды. Сонымен, XX ғ. басында Қазақстанда кейін күрделі экологиялық мәселелерге айналған шикізат көздерін немдену саясаты қалыптасты.

Қазақ ұлттық буржуазиясының қалыптасуы Қазақстан аймақтарында әлеуметтік жіктелудің ерекшелігіне байланысты әркелкі болды. Қазақ мал шаруашылығы өнімінің бір бөлігі арнайы нарыққа арналып дайындалып отыратын болды. Байлардың қолында қауымдық жерлер мен мал шоғырланған сайын қоғамдық дифференциация процесі күрделеніп, қазақ халқының әлеуметтік құрылымы өзгеріске ұшырап отырды.

Жалпы, XIX ғ. аяғы - XX ғ. басы қазақ үшін дәстүрлі қоғамнан индустриалды қоғамға өту кезеңі болды. Бірақ, бұл процестер алдымен патшаның отарлық саясатының, кейін большевиктік режимнің кесірінен баяулап қалды.

#### Әдебиет

- 1.Первая Всеобщая перепись населения Российской империй 1897 г.Уральская область.-СПб:Слово,1904.-Т.88.-125б.
- 2.Первая Всеобщая перепись населения Российской империй 1897 г.Закаспийская область (Мангышлакский уезд).-СПб:Слово,1904.-Т.82.-132-133 б.
- 3.Первая Всеобщая перепись населения Российской империй 1897 г.Закаспийская область (Букеевская орда).-СПб:Слово,1904.-Т.2.- 117-151.
- 4.Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен).-А-Ата, М., 1935.Т.1.215б.
- 5.Бекмаханова Н.Е.Многонациональное население Казахстана и Киргизий в эпоху капитализма.(60-е годы XIX в.-1917 г.).-1916.

\* \* \*

*В статье освещено социально-экономическое положение Западного Казахстана в конце XIX – начале XX вв., распад прежнего строя и формирование капиталистических отношений.*

УДК 93:371 (574) «19»

**А.И. Исмаилов**

*д.и.н., профессор, полковник,  
ЮКТУ имени М. Ауезова*

**ИЗ ИСТОРИИ НАРОДНОГО  
ПРОСВЕЩЕНИЯ  
НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА  
(20-х годах XX века)**

Народное просвещение Казахстана имеет многолетнюю историю. Как известно, открытие первой русско-казахской школы состоялось в 1789 г. под названием «Азиатское училище» в городе Омске, в то время являвшемся центром управления северными областями Казахстана. С того времени начинается распространение среди кочевого населения светского образования. В 1914-1915 учебном году на территории Казахстана существовало 2006 школ, где обучалось свыше 105 тысяч учащихся [1]. В южных областях Казахстана были сильны позиции и влияние религиозного образования, светское же – только зарождалось.

Мустафа Чокаев, находясь в Париже, входил в состав редколлегии журнала «Прометей», ежемесячного органа эмигрантской организации, предназначенного как рупор «национальной защиты народов Кавказа, Украины и Туркестана». Там же, в Париже, 26 марта 1932 года состоялся его доклад «Революция в Туркестане (февральская эпоха)», ставший ныне широко известным для читателей [2]. В данном выступлении М. Чокаев, характеризуя состояние просвещения в Туркестанском крае, говорил, что «у нас существовали старые конфессиональные школы – медресе. В смысле требований современности эти школы не давали ничего. Попытка наша открыть новые школы встречала отчаянное сопротивление со стороны властей. Для нас существовали так называемые «русско-туземные школы», назначение которых состояло в подготовке переводчиков при приставах, уездных начальниках и других полицейско-административных учреждениях. Редко-редко кому удавалось оттуда выйти на более широкую дорогу» [3].

Соперничество и параллельное существование русско-казахских школ и религиозных мектебов и медресе в общем-то отрицательно влияло делу просвещения. Но в конце XIX и начале XX в. на арену общественной и просветительской жизни выходит движение джадидизма, ставившего целью внедрение в процесс обучения новых методов, а также введение в программы и планы мектебов и медресе элементов светских дисциплин – истории, математики, всеобщей и русской географии, языка и литературы.

На обширной территории Сыр-Дарьинской и Семиреченской областей (это нынешние Кызыл-Ординская, Жамбылская, Южно-Казахстанская и Алматинская области Казахстана) имелось 21 русско-казахское училище,



из них 16 одноклассных, три двухклассных и два трехклассных. Общий контингент учащихся составлял 711 человек, из них 215 казахов [4].

С установлением Советской власти в результате Октябрьской революции 1917 года в истории народного просвещения начался качественно новый период. Несомненно, что революция дала огромные возможности для овладения трудящимися массами всеми богатствами науки и культуры, особенно для местного населения бывших колониальных окраин, в буквальном смысле ограбленных в получении образования и знания. В первые послереволюционные годы начался настоящий поход за знаниями. Десятки и сотни тысяч юношей и девушек и большинство безграмотных взрослых людей садились за парты, осваивая азы грамоты и приобретая специальности. Так, по переписи населения 1897 г. грамотные в Казахстане составляли чуть больше 8 процентов, к 1939 г. этот показатель поднялся до 83,6 процента [3].

В южных областях Казахстана, как и в других регионах республики, основы советской системы просвещения были заложены в 1918-1920 годах, когда повсеместно создавались образовательные учреждения. По истечении первых пяти лет послереволюционного времени Народный Комиссариат просвещения (Наркомпрос) Туркестанской АССР, в состав которой тогда входили Сырдарьинская и Семиреченская области, констатировал, что «для Туркестана трудность проблемы осуществления всеобщего обучения кроме обширности территории его, обуславливается большим разнообразием географических, этнографических и экономических условий отдельных его частей и чрезвычайной культурной отсталостью широких народных масс. В Туркестане в 1915 году насчитывалось 585 420 детей, необеспеченных школой, т.е. 98,52 процента числа детей школьного возраста от 8 до 11 лет, что достаточно характеризует колоссальную потребность школьного строительства» [6].

Наряду с учреждениями просвещения, на базе имеющихся профессиональных училищ и курсов, создавались новые. В дореволюционное время были открыты школы для подготовки низшего и средне-технического персонала агрономического и механико-ремесленного направления. В декабре 1920 года учреждено Управление профессионального обучения Туркеспублики. Были открыты Верненская и Аулие-Атинская сельскохозяйственные школы, Верненские технические курсы, Чимкентское и Алматинское педагогические училища. Там же, в Алма-Ате, были организованы учебно-вспомогательный педагогический кабинет и школа труда (ремесленная), художественный техникум. Здесь же в городе начали готовить слесарей и электромонтажников [7].

Наиболее острым и неотложным делом было создание сети педагогических техникумов и институтов, в которых надо подготовить



учительские кадры для национальных школ. В 1918 году в Ташкенте были открыты педагогические курсы, в том числе Киргизские (Казахские) курсы, в которых обучалось 137 молодых казахов, будущих учителей для школ южных областей Казахстана [8]. В Ташкенте был целый городок, названный Педагогическим городком имени Полторацкого. Там работали широко известные в крае институты просвещения – Киргизский (Казахский), Узбекский и Таджикский. Они являлись тогда центрами образования и культуры, считались высшими учебными заведениями для местных национальностей. Кстати, самым крупным по количеству учащихся был Казахский Институт просвещения (Казинпрос), в котором обучалось 230 человек [9].

2 июня 1926 года вышло постановление Совета Народных Комиссаров «О преобразовании Казахского Института просвещения в г.Ташкенте в Казахский педагогический институт». Казинпрос создан в 1918 году, тогда же были созданы Краевые педагогические курсы, Киргизский отдел Ташкентского педучилища [10]. Для ведения учебных занятий в Педагогическом городке были приглашены лучшие силы казахской национальной интеллигенции: Халел Досмухамедов, Шайслам Бекжанов, Файзулла Галымжанов, Шамгали Сарыбаев. Первым директором Казинпроса был Темирбек Жургенов, затем – Смагул Садвакасов и Сакен Сейфуллин. Занятия вели известные ученые и педагоги А. Бродский, Л. Успенский, Н. Балашев, М. Слоним.

В 1928 году часть студентов, в связи с закрытием Института, перешла в Средне-Азиатский Госуниверситет (САГУ). В сентябре 1928 года аспирантом САГУ стал Мухтар Ауезов. Он вел одновременно занятия по истории русской и казахской литературы [11]. Отмечу также, что в вузах и техникумах Ташкента казахская молодежь составляло большинство по сравнению с представителями местных народов (узбеков, таджиков, туркмен). Общее количество молодежи из местных народов было около 20 процентов.

Таким образом, в Ташкенте и других городах Сыр-Дарьинской области и Семиречья возникли первые учебные заведения, сыгравшие историческую роль в создании и развитии казахской национальной культуры, образования и науки. Будущие инженеры и педагоги, ученые и деятели культуры прошли обучение в ташкентских казахских вузах и техникумах.

### Литература

1. См. Казахская ССР. Краткая энциклопедия. Том 3, Алма-Ата. 1989, с.22
2. Полный текст доклада М. Чокаева опубликован в журнале «Вопросы истории». М. 2001, №2.

3. Там же, с. 9.
4. См. А.И. Сембаев. История развития советской школы в Казахстане. Алма-Ата. 1962, с. 98.
5. Казахская ССР. Краткая энциклопедия. Том 3, с. 24.
6. «Наука и просвещение». Орган Наркомпрос ТАССР. Ташкент. 1922, №2., с. 12.
7. «Туркестанский учитель». Ташкент. 1917, №1-2, с. 52-53.
8. Государственный Архив Узбекистана (ЦГА РУз), ф. 372, оп. 1, д. 15, л. 50.
9. Государственный Архив Узбекистана (ЦГА РУз), ф. 372, оп. 1, д. 17, л. 43.
10. Государственный Архив Узбекистана (ЦГА РУз), ф. 372, оп. 1, д. 5, л.л.15,17,42.
11. М. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. Алматы. 1997, с. 105-106.

\* \* \*

*Бұл мақалада 1917 жылғы Қазан революциясының соңғы кезеңдеріндегі Ташкент қаласының, Оңтүстік Қазақстан аймақтық қалаларының оқу-ағарту жұмысының тарихи беттері көрсетілген.*

ӘОЖ 930 «17» (574)

**Ж.А. Исмурзин**

*оқытушы,*

*М. Әтемісов атындағы Батыс*

*Қазақстан мемлекеттік*

*университеті*

**БАТЫРҰЛЫ ҚАЙЫП ХАН  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨУЛЕТІНІҢ  
ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

Батырұлы Қайып хан және оның әулетінің зерттелуі XVIII – XIX ғасырлардан бастау алады. Өйткені кез келген тұлғаның тарихы өзі өмір сүріп отырған кезеңмен тікелей байланысты. Сол заманнан бастап зерттеушілердің қаламымен қағаз бетіне түскен Қайып хан ұрпақтарының тарихы бүгінге дейінгі тарихи еңбектерде жалғасын табуда. Алдымен төңкеріске дейінгі орыс зерттеушілері еңбектерінің маңыздылығын атап өтпекпіз.

XVIII ғасырда Ресей әкімшілігі казак даласын отарлау мақсатында Орынбор өлкесін басқаруға келген шенеуніктерден және арнайы жіберілген түрлі экспедициялар мен саяхатшылардан өлке туралы құнды деректер алып отырды. 1741 жылы 24 жеттоқсанда Қарақалпақ жерінде

Қайып ханның әкесі Батыр сұлтанмен кездескен саяхатшы, патша үкіметінің тыңшысы, ағылшын көпесі Гок Батыр сұлтанды «Кіші жүз Алшын руындағы атақты және бүкіл ордадағы басшы» деп сипаттап, оның өз ұлысымен Хиуа бағытындағы Даматай, Сырдария, Қуандария өзендері маңында жайлайтынын жеткізеді. Гоктың анықтауынша «Батыр сұлтан бұрын Түркістанда тұрған Қайып ханның ұлы және бұрын Хиуада хан болған, бірақ өз қалауы бойынша ордаға оралған. Бүгінде Кіші жүзде тұрақтаған Батыр сұлтан ордада Әбілқайыр ханға қарағанда беделдірек» (1).

Батыр, Қайып хандар туралы мәліметтер алғаш рет П.И.Рычков еңбектерінде жарияланды. Зерттеушінің «Орынбор губерниясының топографиясында» «Олардан басқа мұнда (Кіші жүзде – Ж.И.) басқа да сұлтандар бар, ал олардың арасында ерекше әйгілісі Батыр сұлтан, оның ұлы Қайып Хиуада бірнеше жылдан бері хан болып келеді», «қазіргі Хиуалық Қайып хан казак билеушілерінен, ол мұрагерлік жолмен емес, Хиуалықтардың қабылдауымен хандық құруда» десе, келесі «История Оренбургская» еңбегінде «Хиуалық Қайып ханның әкесі Батыр сұлтан Кіші жүзде айрықша ұлысқа ие» деп, Батыр, Қайып хандардың Кіші жүздегі Әбілқайыр, Нұралы хандармен арадағы өзара байланысына тоқталады. Әсіресе, Әбілқайыр, Нұралы хандардың Батыр сұлтанмен арасы өте шиеленісті болғанын, солай бола тұра, 1750 жылы қыста Айшуақ, Батыр сұлтандар және Жәнібек тархан бастаған көптеген казактардың Хиуа маңындағы аралдықтарды талқандағанын жазады. Сонымен бірге Батыр, Қайып хандардың 1750 жылы Орынборға елшілік жібергенін баяндады (2).

1771 жылы қалмақ көшу кезінде казак даласына келген капитан Н.П.Рычковтың күнделік жазбаларында қалмаққа қарсы күреске Қайып ханның өз әскерлерімен қатыскандығы және кезінде Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Қайыпты Нәдір шахқа елші қылып жібергендігі, содан Қайып мінез-құлқымен шахқа ұнаған соң, жақсы көргеннің белгісі ретінде шах жаулап алған Хиуа қаласын Қайыпқа билеуге бергендігі баяндалады. Сонымен бірге капитан Хиуада билік құрған хандардың арасында өз ажалынан өлгені сирек екенін, көпшілігі өздері билеген зұлым да ызакор халықтың қолынан өлетінін, осындай себеппен Қайып хан қарауындағы халықтың өздеріне үйреншікті зұлымдығын қамдап үлгерместен бұрын Кіші жүзге қайтып келгендігін және Кіші жүзде оның әкесі Батыр ханның бар екенін, Қайып хан сол жерде бірсыпыра білікті руларды билеп, Нұралы ханнан тәуелсіз иелік етіп жүргенін жазады (3).

1768-1774 жылдары Қазақстан, Сібір, Орта Азияға аттандырылған академиялық экспедиция құрамында болған швед дәрігері, И.П.Фальк өз еңбегінде «Нұралы ханнан кейін Хиуаны казак сұлтаны Батырдың ұлы Қайып хан басқарды» деп пайымдайды (4).

1785 жылы Орта жүзге катысты мәліметтер жинаған капитан И.Г.Андреев «Алшын болысында айрықша хан Қайып бар. Ол Нұралы, Уәли хандармен тең және олардың ешқандай билігінде емес. Оның қол астында 12000 шаңырақ бар. Жазғы, қысқы жайылымдары Сырдария өзенінің бойында. Ырғыз өзеніне сирек шығады» деп сипаттайды (5). Сонымен Қайып ханның көзі тірі кезінде мәлімет қалдырған Н.П.Рычков пен И.Г.Андреев жазбалары Қайып хан беделінің Кіші жүз ханы Нұралы және Орта жүз ханы Уәлимен тең дәрежеде болып, олардан тәуелсіз билік құрғанын дәлелдейді. Мұның өзі Қайып ханның Кіші жүз тарихындағы орнын нақты айқындай түседі.

XIX ғасырда Ресей үкіметі Қазақстан тарихын зерттеуді мемлекеттік тұрғыдан қолға алды. Алдымен отарланушы объект ретінде Қазақстан жан-жақты анықталып, содан соң үкімет саясаттарын батыл жүргізу мақсатында арнайы зерттеу тапсырмалары берілді. 1819 жылы қарашада келіссөздер үшін Хиуада болған капитан Н.Н.Муравьев Шерғазы хан (Қайып хан ұлы – Ж.И.) басқарған қазақтардың жыл сайын Хиуа ханы Мұхаммед Рахымға алым-салық төлейтінін және өзінің Хиуада болған кезінде Шерғазы ханның сол қалада қайтыс болғанын, содан Хиуа ханы Мұхаммед Рахым Шерғазы орнына, оның ұлдарының бірін тағайындағанын жазады (6). Арнайы зерттеу мақсатында 1820 жылы Бұхараға барған А.Ф.Негри бастаған орыс елшілігі құрамында болған капитан Е.К.Мейендорф Бұхара сапары негізінде жарық көрген монографиясында Нәдір шах замандасы Бұхар ханы Әбілфейіздің қызы Хиуа ханы Қайыпқа тұрмысқа шыққанын, Қайыптың казак тегінен екендігін баяндады. Бірақта орыс елшісі Хиуа ханы Мұхаммед Рахымды (1806-1825 жж.) Қайып ұрпақтарының бірі деген қате қорытындыға келген. Қайып хан немересі Арынғазы хан ауылында болып, онымен жеке танысқан Е.К.Мейендорф алғаш рет Арынғазының тарихи бейнесін жасап, оның қазақтар арасындағы қадір-қасиетінің, беделінің ерекше жоғарылығын көрсетті (7).

Төңкеріске дейінгі орыс тарихнамасының ірі өкілдерінің бірі А.И.Левшин еңбегінде Батыр, Қайып, Әбілғазы хандардың қызметтері баяндалады. Батыр, Қайып хандардың Әбілқайыр, Нұралы хандармен арадағы байланысына тоқталған зерттеуші «Батыр өз әкесінің Әбілқайырға деген жек көрушілігін жалғастырып, оның билігін ешқашан мойындаған жоқ және Ресеймен ұзақ уақыт ешқандай байланыс жасамады» дейді. Сонымен бірге Қайып ханның Хиуа хандығындағы қызметіне назар аударып, Нұралы, Батыр хандардың 1762 жылы Пекинге елші жібергендігін баяндады. Сырым батыр көтерілісі кезінде Қайыптың Кіші жүзге хан болуға екі рет ұсынылғанын көрсете отырып, патша үкіметінің Қайыпты хандыққа бекітпеу себептеріне талдау жасайды. Қайып хан қайтыс болғаннан кейін, оның қарамағындағы халықты Қайып



ұлдары Әбілғазы, Бұрқан сұлтандардың басқарғанын және Сырым батырдың олармен одақтас болғанын жазады. Батыр, Қайып, Әбілғазы хандардың орыс үкіметі бекіткен хандар тізіміне жатпайтындығын көрсеткен А.И.Левшин XVIII ғасыр мен XIX ғасыр басындағы Кіші жүздегі саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдай жөнінде пікір білдіреді (8).

1842 жылы Хиуа хандығына барған сапары негізінде жазылған еңбегінде Г.И.Данилевский қасиетті Палван атаның құрметіне Хиуа ханы Мұхаммед Рахымның 1811 жылы Хиуа қаласында тұрғызған Палван ата мешітінде Қайыпұлы Шерғазы сұлтанның жерленгенін жазады (9). Қайып туралы мәліметтер Я.В.Ханыков еңбегінде де кездеседі (10).

1748-1765 жылдардағы казак еліндегі саяси ахуал мен Ресейдің Орта Азиямен байланысына арнаған еңбегінде В.В.Вельяминов-Зернов Қайып ханның Хиуа хандығындағы қызметіне қатысты материалдарды жариялады. Автор Орынбор мұрағат деректері негізінде Кіші жүзде Әбілқайыр хан өлімінен кейін 1748 жылы 15 қазанда Шекті, Шөмекей, Төртқара, Қарасақал руларының Батыр сұлтанды ақ киізге көтеріп хан сайлағанын, Батыр, Қайып хандар мен Нұралы хан арасындағы және Қайыптың Хиуада хан болған кезіндегі орыс-хиуа, казак-хиуа арасындағы қарым-қатынастар тарихын баяндады. В.В.Вельяминов-Зернов еңбегі көптеген мұрағат құжаттарын жарыққа шығаруымен құнды (11).

Қайып хан ұрпақтары туралы деректер В.В.Григорьев жазбаларында кездеседі. Ол «Описание Хивинского ханства и дороги туда из Сарайчиковской крепости» еңбегінде «Қазіргі хан Абляз деп аталады. Жасы елуде. Қарақалпақтардан сайланған. Абляз дегеніміз Қайып ханның ұлы Әбілғазы екен. Ол казак хандары тұқымынан, өткен ғасырда қарақалпақтар деп те жиі аталған» деп Қайыпұлы Әбілғазы хан жөнінде пікір білдіреді. Ал келесі «Среднеазиатские дела» еңбегінде Қайып хан немересі Жанғазы Шерғазыұлы туралы мәлімет бар (12).

1865 жылы жарық көрген басштаб подполковнигі Л.Мейердің еңбегі Қайып хан әулеті тарихының біз зерттеп отырған кезеңін толық саралауымен ерекшеленеді. Оның зерттеуінен орыс үкіметінің Кіші жүздегі саясатына, Қайып хан ұрпақтарына қатысты мол деректер кездестіреміз. Ол 1748 жылы Батыр сұлтанды Кіші жүздің үлкен бөлігі хан сайлаған деп пайымдайды. Зерттеуші пікірінше Ерәлі хан өлімінен кейін Кіші жүз халқының үлкен бөлігі өздеріне Қайыпұлы Әбілғазының хан болуын қалаған, бірақ Орынбор губернаторы С.К.Вязмитинов Нұралының үлкен ұлы Есімді хан тағайындаған. Л.Мейер еңбегінің ерекшелігі – ол алғаш рет Қазақстанның батыс өңірінің қоғамдық-саяси өмірінде өз іздерін қалдырған көптеген Қайып хан ұрпақтарының XIX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі кезеңдегі қызметтеріне қатысты тарихын жарыққа шығарды. Автор Қайып хан немересі Арынғазы

Әбілғазыұлына «казак сұлтанлары арасынан шыққан, жалғыз, адал патриот» деген жоғары баға берді. Сонымен бірге еңбектен Қайып ұрпақтарының бір бөлігінің Кіші жүздегі орыс үкіметі саясатын қолдаса, екіншілерінің Орта Азия хандықтары бағытын ұстанғандығын байқаймыз (13).

Қайып хан ұрпақтары тарихына катысты пікірлер И.Казанцев еңбегінде кездеседі. Ол «Шерғазы Қайыпұлының бабалары эрқашан Хиуа және Бұхар иеліктеріне жақын жерде тұрақтады, ал оның әкесі тіпті бірнеше уақыт Хиуаны басқарды» дейді. Бірақ автор Шерғазыны 1822 жылы өлген деп қате қорытынды жасайды. Ал Арынғазы туралы пікірі мынадай: «Султан Арунгзи Абулғазиев, кроме приятной наружности, имел характер твердый, решительный. Он строгою справедливою далеко превосходил других султанов, от которых отличался также знанием татарского письма и чтением книг, что по тогдашним понятиям Киргизов составляло большое достоинство. Был избран в 1815 году родоправителем Киргизов, кочевавших по Сырдарье и подчинявшихся до того времени отцу его». 1828 жылы Жұма Құдаймендіұлының (Батыр хан немересі – Ж.И.) орнына Кіші жүздің Шығыс бөлігіне сұлтан билеуші болған Қайып хан немересі Жантөре Жиһангерұлының сыртқы келбеті тартымды және ол орысша оқып, жаза біледі деп сипаттады (14).

Басштаб капитаны Л.Костенко өз еңбегінде «1770 жылы Хиуа хандығына тағы бір орыс боданы, казак ханы Қайып шақырылды» деп жазады (15). Біздіңше автор Қайыпты баласы Жиһангер сұлтанмен шатастырған. Себебі, Қайып Хиуаны 1747-1758 жылдар аралығында басқарса, екіншіден, 1770 жылы Хиуада Қайыптың ұлы Жиһангер хан болды.

1877 жылы жарық көрген шығыстанушы Н.Веселовскийдің Хиуа хандығын басқарған хандарға арналған «Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего» еңбегінен Қайып хан мен оның әулетінің тарихына катысты мәліметтерді кездестіреміз. Автор Қайып хан мен оның ұрпақтарының қызметін саралауда өзіне дейінгі зерттеушілердің көзқарастарын қайталаумен шектелді (16).

А.И.Макшеев өз еңбегінде Батыр, Қайып және оның ұрпақтары туралы пікірлерін білдіреді. Ол Айшуақ хан тұсында Әбілқайыр ұрпақтарына бағынудан бас тартқан казактар Сырдың төменгі бойына кетіп, қарақалпақтарды талқандап, сұлтан Әбілғазы Қайыпұлын өздерінің ханы ретінде мойындады десе, 1812 жылы Кіші жүз ханы болып бекітілген Шерғазы Айшуақұлының билігі орыс форпостары маңынан әрі аспады, даланың іс жүзіндегі билеушілері батыс бөлікте сұлтан Қаратай Нұралыұлы, ал оңтүстікте сұлтан Арынғазы Әбілғазыұлы болды деп

пайымдайды. А.И.Макшеев Арынғазыны «әділ және адал адам» ретінде бағалады. Сонымен бірге зерттеуші Хиуа хандығы бағытын ұстанған Қайып хан немерелері Жанғазы Шерғазыұлы мен Бөрі Тәукеұлы туралы жазады (17).

«Поступательное движение в Среднюю Азию в торговом и дипломатическо-военном отношениях» еңбегінде Ф.И.Лобысевич Қайыпты ықпалды казак сұлтандарының бірі Батырдың ұлы деп анықтап, оның Нәдір шах өлімінен кейін Хиуада хан болғанына тоқталса, келесі «Киргизская степь Оренбургского ведомства» еңбегінде 1812 жылы хан болған Әбілқайыр ұрпағы Шерғазы сұлтанды казактар жек көрді және ол көп ұзамай Арынғазы сұлтанмен ауыстырылды деп жазды. Арынғазыны «бүкіл халықтың шектен тыс сүйіспеншілігіне бөленген, өте ақылды адам» деп бағалаған зерттеуші, тек қана Арынғазының Ресейде ұсталуы туралы хабардың ордаға жетуінен соң, казактардың толқуы басталып, шепке сұмдық тонаулар жасалды, сондықтан үкімет ордаға әрдайым әскер жіберуге мәжбүр болды деген пікір түйеді (18).

Ресейдің атакты барлаушысы, Таяу Шығыстағы, Иран, Үндістанды ықпалға көндіру мақсатымен талай миссияларды басқарып барған, сол сияқты Орта Азияда да көптеген «зерттеушілік» жұмыстарды басқарған, сол еңбегі үшін императордан алтын медаль алған ориенталист ғалым, арғы тегі поляк В.Н.Витевский Орынбор өлкесінің 1742-1759 жылдардағы басшысы И.И.Неплюевке арнаған монографиясында Әбілқайыр өлімінен кейін Шекті, Шөмекей, Төртқара, Қарасақал руларының Батыр сұлтанды ақ киізге көтеріп хан сайлағанын, Хиуада хан болған баласы Қайыптың беделіне сүйене отырып Батырдың И.И.Неплюевпен байланысқа шыққанын жазады. Зерттеуші пікірінше И.И.Неплюев ордада Батыр ықпалының бірінші болуын қаламаған, өйткені Нұралы оның қалауы бойынша хан сайланған. Батыр ханды Нұралының «ең зұлым да қауіпті жауы» ретінде бір жақты сипаттаған автор Қайып хан тұсындағы орыс-хиуа, казак-хиуа қатынастарына назар аударады (19).

«Принятие киргизами русского подданства» еңбегінде И.И.Крафт 1794 жылы Ерәлі хан қайтыс болған соң казактардың көпшілігі хан тағынан Қайып хан ұлы Әбілғазы сұлтанды көргісі келгенін, бірақ хан тағына Нұралының үлкен ұлы Есімнің тағайындалғанын атап көрсетеді. Сонымен бірге зерттеуші Қазақстанға қатысты патша үкіметінің жарлықтары, заңдары мен казак хан-сұлтандарына жазылған хаттары негізінде «Сборник узаконений о киргизах степных областей» жинағын жарыққа шығарды. Жинақта патша үкіметінің Батырды хан ретінде бекітпеу мен Қайып хан тұсындағы Хиуа хандығына қатысты саясатын анықтайтын бірнеше жарлықтары бар (20).

Қайып хан мен оның әулетіне қатысты мәліметтер мал дәрігері А.И.Добросмыслов еңбегінде кездеседі. Еңбегінің көлемі жағынан

алдындағы зерттеушілерге карағанда комакты болғанымен, бұрынғы қорытындылардан аса алмаған автор Батыр, Қайып хандарға қатысты өзіне дейінгі орыс зерттеушілернің көзқарастарын қайталады. Зерттеуші пікірінше Қайыптың Хиуада хан болған кезіндегі Ресейге қатысты жағымсыз әрекеттерімен танысқаннан кейін II Екатерина оны Нұралыдан гөрі сенімсіздеу деп есептеуіне байланысты хандыққа бекітпеген. Сонымен бірге автор Қайып хан ұрпақтары Әбілғазы Қайыпұлы, Жиһангер Қайыпұлы, Жұма Құдаймендіұлы, Шерғазы Қайыпұлы, Арынғазы Әбілғазыұлы, Жантөре Жиһангерұлы, Ахмет Жантөреұлы, Жанғазы Шерғазыұлы, Алтынғазы Нұрымұлы және Мұхамед Жантөреұлы туралы өз ой-пікірлерін білдіреді. Еңбекте 1824-1869 жылдары аралығында Кіші жүздің Шығыс бөлігін Батыр, Қайып хан ұрпақтарынан шыққан сұлтан билеушілердің басқарғандығы көрсетілген (21).

1901 жылы «Астраханский листок» газетінің бірнеше санында жарық көрген И.С.Ивановтың Бөкей Ордасының құрылуының жүзжылдығына арнаған мақаласы Қайып хан мен оның ұрпақтарына қатысты біраз мәлімет берді. Зерттеушінің анықтауынша Қайып хан 1789 жылы қайтыс болған және оны қолдаған ру старшындары өздеріне хан ретінде Әлімұлы руында үлкен ықпалға ие болған Қайыптың үлкен ұлы Әбілғазыны сайлаған. Сонымен бірге 1810 жылы сұлтан Қарабай Батырханұлының Ішкі орда жағына өтіп, Бөкей сұлтанға қосылғандығына тоқталған автор, Қайып хан немересі Жантөре Жиһангерұлының 1807 жылы Бөкей сұлтанның қызына, ал кейіннен Жантөре Жиһангерұлының немересі Сейітханның Жәңгір хан қызы Қадшаға үйленгендігін жазады (22).

М.А.Терентьев «История завоевания Средней Азии» еңбегінде қазақтардың көз алдында заңсыз түрде Нұралыны хан сайлау Кіші жүздің үлкен бөлігінің Батырды хан сайлауына әкелді, оның ұлы сол кезде Хиуада хан болатын деп пайымдады. Хиуалық Қайып хан Бековичтің әскерін жойған Хиуа ханы Шерғазының туысы (жиені – Ж.И.) деп анықтаған зерттеуші 1794 жылы хан сайлауда үкімет халықтың еркіне көңіл аудару қажеттігі мен қазақтардың қалауын білуді талап етті, ал халықтың барлығы Қайыпұлы Әбілғазыны қалайтын болып шықты, жаңа губернатор Вязмитинов мұндай сайлауды құптамады деп жазады. М.А.Терентьев пікірінше П.К.Эссен Кіші жүз ханы Шерғазыны Арынғазымен ауыстырғысы келген, бірақ бұған Сыртқы істер министрлігі мен сол кездегі канцлер Нессельроде келіспеген. Арынғазыны «жалғыз патриот және адал адам» ретінде бағалаған зерттеуші, «бірақ ол да пайдасын (қазақ халқына – Ж.И.) тигізе алмай дүниеден өтті» деп түйіндеді. Сонымен бірге 1841 жылы Аллақұл ханның шақыруымен Хиуада болған құпия кеңеске Қайыпқали Есімұлы, Жүсіп Сырымұлы



және Жоламан Тіленшіұлымен бірге Қайып хан немересі Жанғазы Шерғазыұлының қатысқандығын жазады (23).

С.В.Жуковский еңбегінде Батырдың хан сайлануы, Қайыптың Хиудадағы қызметі және Батыр – Нұралы, Қайып – Нұралы арасындағы қарым-қатынастар төркіні баяндалады (24).

XX ғасыр басында казак зиялыларының ұлттық тарихқа деген қызығушылық танытуының арқасында Қ.Халид, Ш.Құдайбердіұлы еңбектері жарық көрді. Олар казак фольклорын пайдалана отырып, оны тарихи әдебиеттермен салыстырды. Қ.Халид пен Ш.Құдайбердіұлы еңбектерінде Қайып хан ата-бабалары шежіресіне қатысты деректер кездеседі (25).

Сол кезеңде Қазақстан тарихнамасы Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонаұлы, С.Асфендиаров, М.Тынышпаев еңбектерімен (26) толыға түсті. Бұл зерттеулер XVIII – XIX ғасырлардағы казак қоғамындағы саяси жағдайды, Ресей отаршылдығына қарсы казак жерінде болған ұлт-азаттық көтерілістер тарихын камтыды. Қайып хан тарихына қатысты Қ.Кемеңгерұлы «Қара халық өзінің азаттығы, тыныштығы болмағандығын Әбілқайыр балаларының өзара таласуынан көріп, Әбілқайыр тұқымынан хан сайланбасын деді. Сонда да ел хансыз тұра алмаймыз деп, екі жарылып, бір бөлегі Хиуа ханы Қайыпты қалап, екінші бөлігі Нұралының өзін қалады. ...Үкімет хан сайлауға айналған соң, 1790 жылдан бастап Сырым батыр үкіметке ашық қарсы болып, 1791 жылы құрылтай шақырды. «Орыс сайлаған ханның бізге керегі жоқ», -деп, Қайып балаларына қосылып кетті» (27) деген пікір білдірді.

Қазан төңкерісінен кейінгі уақытта зерттеуші А.Ф.Рязановтың XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына қатысты бірнеше еңбегі жарық көрді. «Батыр Сырым Датов» мақаласында зерттеуші шекті старшындарының басқаруындағы халық Қайыпты хан ретінде мойындағанына және Сырым батырдың Қайып хан ұлдары Әбілғазы, Бұркан сұлтандармен байланыста болғанын көрсетті. Ғалымның «Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа» атты еңбегі мұрағат деректеріне негізделген алғашқы сүбелі зерттеу еді. Казак даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстарды отарлауға бағытталғанын дәлелдегенімен зерттеуші өзіне дейінгі орыс зерттеушілерінің қателіктерін қайталады. Автор бұл еңбегінде Сырдария, Қуандария және Жанадария өзендері маңын жайлайтын Әлімұлы бірлестігінің Шөмекей, Қаракесек руларының қазақтары Ресеймен ешқандай саяси, экономикалық жағынан байланыста болмағанына және орыс үкіметі қойған хандарды мойындамағанына тоқталып, оларды Әбілқайыр хан замандасы Қайып хан тегінен шыққан сұлтандардан сайланған хандар басқарды деп пайымдады. Бірақта оның немересі Қайып сұлтан XVIII ғасырдың аяғында Хиуа ханы болды деген қате қорытындыға келген. Аталмыш еңбек Қайып хан



ұрпақтары Шерғазы Қайыпұлы, Арынғазы Әбілғазыұлы, Арду Әбілғазыұлы, Мәненбай (Жанғазы) Шерғазыұлына қатысты бұрын беймәлім болып келген материалдарды жариялауымен құнды. Зерттеуші Шерғазы Қайыпұлы мен Арынғазы Әбілғазыұлы, Арынғазы мен Мәненбай сұлтандардың араларындағы қарым-қатынасқа назар аударады (28).

А.П.Чулошников «Қазақ халқының тарихы очерктері» еңбегінде Қайып атасы Қайып ханның 1717 жылы Әбілқайыр ханмен бірге Ресейден көмек сұрағанын жазады. Еңбек соңындағы қазақ хандары шежіресінде Қайып хан генеалогиясына қатысты мәліметтер бар. Ал келесі «Восстание 1755 г. в Башкирии» еңбегінде 1755 жылғы башқұрт көтерілісі кезінде Орынбор губернаторы И.И.Неплюев Батыр мен Нұралы хандар арасындағы келіспеушіліктерді шебер пайдаланғандығын анықтаған зерттеуші, башқұрт «қашқындарын» қабылдаған алғашқы төрт рудың арасында болған қазақтардың Айшуак сұлтаннан бөлініп, өздеріне билеуші етіп Батыр ханды қабылдауын, өзі үшін тиімді сәт санаған И.И.Неплюев Нұралы хан мен Ерәлі сұлтанға қауіпті Батыр сұлтаннан күтуге болады деп, Батыр ханға бағынатын рулардағы башқұрттарды күшпен тартып алуға итермелеген деп жазады. Ғалым пікірінше И.И.Неплюевтің Батыр хан жақтастары қабылдаған башқұрт көтерілісшілерін тонауға шақыруы, қазақ ауылдарында тығылған барлық башқұрттарды жаппай тонауға түрткі болған (29).

Қайып ханның Хиуадағы қызметіне қатысты мәліметтерді Орта Азиялық жазба деректерді пайдаланған академик В.В.Бартольдтің «История культурной жизни Туркестана» еңбегінен табамыз. Ғалым Хиуада басқаларға қарағанда тақты ұзақ иеленген Қайып ханның хандық биліктің маңызын қайта қалпына келтіру әрекеті сәтсіз аяқталды, одан кейін хандыққа түрікше Қарабай есімін иеленген, Қайыптың інісі Абдолла отырды деп жазады (30).

XX ғасырдың 40-жылдары Қазақстан тарихы бойынша Е.Бекмаханов пен М.П.Вяткиннің сүбелі еңбектері жарық көрді. М.П.Вяткиннің «Сырым батыр» монографиясы Қайып хан әулетіне қатысты тарихи пайымдауларымен құнды. Ғалым тікелей Қайып ханның Кіші жүздегі қоғамдық-саяси қызметіне қатысты өз ой-пікірін білдірді. Батыр, Қайып хандарды Кіші жүздегі Жәдік ұрпақтарының көрнекті өкілдері деп анықтаған зерттеуші орыс бағытын қабылдамаған ру ақсүйектері мен Ресеймен жақындасу Қазақстан үшін күйреу деп есептеген старшындар Батыр сұлтан төңірегіне біріккенін және Сыр бойын мекендеген саны жағынан басым, ықпалды Шекті руының ақсүйектері Батырды хан сайлағанын, Кіші жүздің оңтүстігінде, Сыр бойында Батыр тегі билігінің мықтап орныққанын баяндады. Ресей мойындамаса да Қайып дұрысында Кіші жүздің бір бөлігінің ханы болды



деп Қайып ханның жүздегі билігін мойындаған зерттеуші Нұралы орнына Қайыптың хан сайлануы Нұралының ел басқару жылдарындағы іргесі шайқалған қазақ мемлекеттігінің әжептәуір нығаюы мен Кіші жүздің саяси жағынан бірігуі болар еді деп әділ пайымдады. Кіші жүзде расправалар бекітілгеннен кейін де Әлімұлы руларының басым бөлігінде Қайып ханның хандық билігін сақтау жалғасқандығын, Қайыптың 1789 жылы қайтыс болғанын және орнына ұлы Әбілғазының хан сайланғанын жазады. М.П.Вяткин пікірінше Батыр, Қайып, Әбілғазы хандар Ресейге бағынған емес. Сонымен бірге Әбілғазы Қайыпұлының Сырым батырды қолдағанын және қазақ-орыс қатынастарын реттеу үшін 1793 жылы күзде Шерғазы Қайыпұлының Петербургтен Кіші жүзге келгенін баяндады. 1815 жылы Әбілғазы қайтыс болғаннан кейін шектілер Арынғазыны хан сайлағанына тоқталған зерттеуші оңтүстікте Хиуадан қыспақ көрген Арынғазы бүкіл жүздің қазақтарын біріктіріп, біртұтас хандық құруға ұмтылды, ал оның Ресеймен байланысын Кіші жүздің халықаралық жағдайының күрделілігін Арынғазының жақсы түсінуінен деп тұжырымдады (31).

Е.Бекмаханов еңбегінде XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы саяси жағдай жан-жақты талданды. Ғалым сол кезеңдегі Ресей империясы мен Орта Азия хандықтарының Қазақстанға жүргізген ықпалын анықтады. Қайып хан немересі Арынғазыны XIX ғасырдың басындағы аса ірі саяси қайраткерлерінің бірі ретінде бағалаған зерттеуші, Ресей империясының жоғары қорғаушылығына сүйеніп, қазақ хандығын нығайту жолымен қазақтардың тәуелсіздігін Хиуаның көз алартуынан қорғауға ұмтылған Арынғазы әрекеті нәтижесіз аяқталды, бұған басты себеп: бұл тұста Қазақ мемлекетінің өздеріне жай ғана тәуелді болып қоюын азсынып, Қазақстанды империя құрамына қосып алуға тырысқан орыс үкіметінің қол ұшын бермеуінен еді деп анықтады. Сонымен бірге зерттеуші Қайып хан шөбересі, Кіші жүздің шығыс бөлігінің сұлтан билеушісі Ахмет Жантөреұлының орыс әскерлерімен бірге Кенесары көтерілісін басу үшін жасалған жорықтарға қатысқанын және 1844 жылы шілдеде А.Жантөреұлы басқарған әскердің Кенесары қолынан жеңіліске ұшырағанын баяндады (32).

Е.Бекмаханов монографиясына арнайы ұйымдастырылған шабуылынан кейін қазақ қоғамындағы аксүйектердің рөлін төмендету, оларды халқын бөліп қарау, сұлтандар бастаған қозғалыстар «ішкі тартыстар», «керітартпа оқиғалар» ретінде түсіндіріліп, Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрестігі баса көрсетілді. Мұндай партиялық талап пен таптық принципке негізделген бағыт-бағдарға қарамастан, Қазақстан тарихы жаңа зерттеулермен толығы түсті. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары, Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылымы Н.Г.Аполлова, Е.Б.Бекмаханов, С.Е.Толыбеков, С.З.Зиманов, В.Я.Басин,



Б.С.Сүлейменов, А.Сабырханов, Ж.Қ.Қасымбаевтар зерттеулерінің (33) негізгі арқауы болды.

Қайып, Батыр, Қайып хандар туралы пікірлер Н.Г.Аполлова еңбегінде кездеседі. Ғалымның анықтауынша Тәукеден кейін мұрагерлік жолмен аға хан болған Тәукеұлы Болаттың әлсіз және беделсіз болуына байланысты нақты түрде аға хан Қайып (Батырұлы Қайып ханның атасы – Ж.И.) болған. Ал Батыр сұлтанды Кіші жүзде үлкен ықпалға ие болған ірі тұлға және ол өзінің шығу тегіменде мықты болды деп сипаттайды. Сонымен бірге Қайып, Батыр, Қайып хандардың Әбілқайыр, Нұралы хандармен арасындағы өзара байланыстарына тоқталып, оған талдау жасады (34).

Қазақ жүздерінің Ресейге қосылуына жаулықпен қараған реакциялық партияларды Кіші жүзде Батыр сұлтан басқарды, ол Ресеймен жауласқан феодалдық Хиуамен тығыз байланыста болды деген зерттеуші С.Е.Толыбеков Батыр хан әулетінің ұрпақтарын «реакциялық сұлтандарға» жатқызды. Ал Арынғазы бастаған қозғалысты Сырым, Қаратай, Жоламан, Саржан, Кенесары қозғалыстарымен бірге өздерінің мақсат, міндеттері жағынан бір бірінен еш айырмасы жоқ «реакциялық қозғалыстар» деп бағалады. Зерттеушінің «Қазақ шежіресі» еңбегінде Қайып хан әулетіне қатысты мәліметтер кездеседі (35).

С.З.Зиманов «Полтический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков» еңбегінде қазақ қоғамындағы хандық билікті, оған Ресей ықпалын, хандық билікті жоюдағы 1822-1824 жылдардағы реформалардың мақсат, міндеттерін талдап, сол кездегі тарихи оқиғаларды сыни тұрғыдан пайымдады. Ғалымның бұл еңбегі Қайып хан мен оның ұрпақтарына қатысты өз ой-пікірлерін білдіруімен құнды. Зерттеуші пікірінше XVIII ғасырдың 80-жылдарының аяғында Қайып ханның барлық хандық кірістерді заңдастыруға тырысып, казактар арасындағы барымта мен ұрлық істегендерді жазалап, айып төлеттірген, ал кейіннен Қайып хан белгілеген заңдарды немересі Арынғазы хан тек қана сақтаумен шектелмей, тіпті оны кеңейтіп, көптеген ру бірлестіктеріне таратқан. С.З.Зиманов XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы қазақ хандарын билігінің сипатына қарай екі топқа бөлді: 1) патша үкіметінің қызметіне өткен және олардың сайлап қойған хандары; 2) саяси дербестікті сақтаған хандар. Қайып хан немерелері Арынғазы, Мәненбайларды (Жанғазы) екінші топтағы хандар санатына жатқызды. Зерттеуші Қайып хан әулетінің ықпалы оңтүстік Қазақстанда айрықша маңызды болғанын атап көрсетті (36).

Қайып хан әулетіне қатысты деректер сол кездері жарық көрген Қазақстан мен Орта Азия хандықтарының қарым-қатынастары тарихына арналған зерттеулерде де кездеседі. Зерттеуші П.П.Иванов өз еңбегінде



Нәдір шах келісімімен Қораз бек Қайып сұлтанды Хиуаға хан етіп тағайындады деген қорытынды жасады (37).

«Қазахи низовьев Амударьи» еңбегінде Батыр сұлтанды «ірі феодал» ретінде сипаттаған У.Х.Шалекенов Жаңадария, Қуандария мен Сырдарияның төменгі бойында өмір сүрген Әлімұлы казактарына Ерәлінің ықпалы әлсіз болып, дұрысында оларда Батыр сұлтан мен оның ұлдары билік құрды деп анықтайды. Сонымен бірге тарихшы Қайып хан мен оның ұрпақтарының тарихына, олардың Хиуамен арадағы байланысына назар аударады (38). Н.А.Халфин, С.К.Камалов, Ж.У.Уббиниязов, А.К.Кошанов еңбектерінде Қайып хан әулетінің тарихына қатысты біраз мәлімет бар (39).

Қазақстан тарих ғылымының жаңаша даму кезеңі және бұрынғы еңбектерді ой-елегінен өткізіп талдау жасау, оған жаңаша көзқарас егемен ел болудан басталды. Осы уақыттан бастап қазақ қоғамындағы тарихи тұлғаларға ерекше назар аударыла бастады. Тың деректердің ғылыми айналысқа енуі, тарихи ой-пікірдің жаңаша өрбітілуі тарихымызды толықтыра түсті. Қазақ тарихындағы тарихи әулеттерді зерттеу қажеттігін алға тартып, оны Қазақстан тарихнамасының өзекті мәселелері қатарына жатқызған, академик М.Қ.Қозыбаев: «Қазақ элитасының тарихы – тарихи шежірелік деңгейде жеке жанр болып қалыптаспай келеді. Қазақстанда бар тарихи әулеттер Уәлихановтар, Шормановтар, Бөкейхановтар, Кенесариндер шежіреленбей зерттеледі. Олардың әлеуметтік салттары, дәстүрлері қазақ халқының дамуына қосқан үлестері тереңнен зерттелсе, XVIII–XIX ғасырларда белгілі бір региондарда болған тарихи оқиғаларды толықтыра түсер еді» (40),-деп бұған дер шағында көңіл аудару мен алдағы уақытта ол мәселелерді жүйелі түрде таразылап, шешу керектігіне тоқталды. Қазақстанды зерттеген шетел тарихшыларының еңбектерін саралауға тарихшы К.Л.Есмағамбетов ерекше көңіл бөлді (41). XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының Орта Азия халықтарымен өзара қарым-қатынасын зерттеген тарихшы С.Мадуанов еңбегінде Қайып хан әулеті тарихына қатысты материалдар кездеседі (42). Қазақ хандары мен хандар әулетін зерттеумен шұғылданатын тарихшылар Ж.Қасымбаев, Т.И.Сұлтанов, И.Ерофеева, Ж.О.Артықбаев еңбектері Қайып хан әулетінің тарихнамасын толықтыра түседі (43).

Кіші жүздің 1748-1824 жылдар аралығындағы қоғамдық-саяси өмірін жаңаша көзқарас тұрғысынан сараланған Ә.Қ.Мұқтардың «Азаттық таны жолында» еңбегі мол мұрағат деректеріне негізделуімен құнды. Монографияда Кіші жүздің белді тарихи тұлғалары және Батырұлы Қайып хан мен оның ұрпақтарының тарихына, олардың қоғамдық-саяси қызметтеріне талдау жасалынған. Тарихшы Ә.Қ.Мұқтар отандық, ресейлік мұрағаттардан аталмыш кезеңдегі саяси тұлғалардың қыр сырының бұған дейін беймәлім болып келген нақты деректерін тауып, жүйелеумен қоса,



оларды сараптап, бағалауда аса тың және әділ пайымдаулар ұсынып келеді (44). XVIII – XIX ғасырлардағы казак-бұхар қатынасын зерттеген Ж.М.Тулибаева еңбегінде Қайып ханның Хиуадағы қызметіне қатысты деректер кездеседі. Зерттеуші өз еңбегінде Қайып ханның Хиуа хандығындағы қызметін анықтауда құнды дерек көзі болып табылатын Бұхарлық тарихшы Мухаммад Вафа ибн Мухаммад Захир Карминагидің (Казий Вафа) «Тухфат ал-хани» дерегін пайдаланған. Ж.М.Тулибаева пікірінше Қайып сұлтан Хиуа тағына Бұхар әмірі Мұхаммед Рахымның араласуымен және көмектесуімен келген (45). Қайып хан мен оның әулетінің тарихын зерттеуде тарихшы Ұ.Ахметованың «Арынғазы хан» еңбегінің орны ерекше. Қайып хан немересінің тарихына қалам тербеген зерттеуші негізінен Аринғазы ханның қоғамдық-саяси қызметіне тоқталып, оған жан-жақты талдау жасайды. Сонымен бірге еңбекте Аринғазы хан ата-бабаларының тарихына шолу жасалынған. Зерттеуші «Арынғазы Әбілғазыұлының қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына ата-тек үрдісі, олардың Кіші жүздегі атқарған қызметтері, көршілес халықтармен, мемлекеттермен байланыстары сөзсіз ықпал етті. Отандық тарихнамадағы олқылықтың бірі – Батыр хан ұрпақтарының ел басқарудағы рөлін төмендете көрсету ұстанымы тың тұжырым, өткенге жаңаша көзқарас тұрғысынан қайта қаралуы тиіс» (46) деп тәуелсіз ел тұрғысында Қайып хан әулетінің тарихын жаңаша зерттеу қажеттігін алға тартады.

Сонымен қорыта айтсақ қазіргі уақытқа дейін Батырұлы Қайып ханның жеке басы, оның қоғамдық-саяси қызметі арнайы зерттеуге айналмаған. Жоғарыдағы зерттеулерде Қайып хан жөніндегі бұрыннан белгілі, қалыптасқан пікірлер қайталанады. Сонымен бірге XVIII – XIX ғасырларда Қазақстанның батыс өңірінде өзіндік із қалдырған Қайып хан ұрпақтарының тарихы кешенді әрі жеткілікті түрде зерттелмеген болатын. Бүгінде Батырұлы Қайып хан мен оның әулетінің Қазақстан тарихындағы орнын анықтап, олар туралы аз да болса жарияланған мәліметтердің өзін тәуелсіз ел талабымен, жаңаша саралап, бұрын беймәлім болып келген, ғылыми айналымға түспеген мұрағат құжаттарымен толыққанды зерттеу қажеттігі туындап отыр.

#### Әдебиет

1. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов). Алма-Ата, 1961, с. 207, 213.
2. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. Оренбург, 1887, с. 104, 111.; Соныкі, История Оренбургская. Оренбург, 1896, с. 91-92.
3. Рычков Н.П. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степе 1771 году. СПб., 1772, с. 71.; Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары. Алматы, 1995, 85-86 б.

- 4.Сиверс И. Письма из Сибири; Фальк И.П. Описание всех национальностей России. Алматы, 1999, с. 112.
- 5.Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. Алматы, 1998, с. 118
- 6.Муравьев Н.Н. Путешествие в Туркмению и Хиву в 1819 и 1820 годах. ч. II. М., 1822, с. 45.
- 7.Мейендорф Е.К.Путешествие из Оренбурга в Бухару. Москва, 1975, с. 28-29, 67.
- 8.Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд и степей.А.,1996,-656 с.
- 9.Данилевский Г.И. Описание Хивинского ханства. ЗИРГО. Кн. V. СПб., 1851, с. 62-139.
- 10.Ханыков Я.В. Пояснительная записка к карте Аральского моря и Хивинского ханства, с их окрестностями. ЗИРГО. Кн. V. СПб., 1851, с. 268-358.
- 11.Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Средней Азией со времени кончины Абулхайрхана (1748-1765). // Оренбургские губернские ведомости. 1753, №4-48; 1754, №27-39.
- 12.Григорьев В.В. Описание Хивинского ханства и дороги туда из Сарайчиковской крепости. Оренбург,1861, с. 20; Соськи, Среднеазиатские дела. Москва, 1865, -82 с.
- 13.Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1865, - 288 с.
- 14.Казанцев И. Описание киргиз-кайсака. СПб., 1867, -231.
- 15.Костенко Л. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. СПб., 1871, с. 116.
- 16.Веселовский Н. Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего. СПб., 1877, - 364 с.
- 17.Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. Петербург, 1890, -375 с.
- 18.Лобысевич Ф.И. Поступательное движение в Среднюю Азию в торговом и дипломатическо-военном отношениях. СПб., 1900, с. 49-50; Соськи, Киргизская степь Оренбургского ведомства (очерк). Москва, 1891, с. 8.
- 19.Витевский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. т. III, Казань, 1897, -974 с.
- 20.Крафт И.И. «Сборник узаконений о киргизах степных областей». СПб., 1898, -358 с.
- 21.Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. Тверь, 1902, -529 с.

22. Иванов И.С. К столетнему юбилею Внутренней (Букеевской) киргиз-кайсацкой орды // Астраханской листок. 1901, №42-141.
23. Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. т. I, СПб., 1903, - 510 с.
24. Жуковский С.В. Сношения России с Бухарой и Хивой за последнее трехсотлетие. Петроград, 1915, с. 82-86.
25. Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих). Алматы, 1992, -304 б.; Құдайбердіұлы Ш. Түрік қырғыз-казак һәм хандар шежіресі. Алматы, 1991, -80 б.
26. Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. Алматы, 1991, -256 б.; Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы. Алматы, 2002, -240 б.; Шонанұлы Т. Жер тағдыры-ел тағдыры. 2 бас. Алматы, 1995, -224 б.; Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). Алматы, 1998, -304 с.; Тынышпаев М. История киргизского народа. Алма-Ата, 1993, -224 с.
27. Кеменгерұлы Қ. Қазақ тарихынан // Таңдамалы. Алматы, 2002, 20-21 бб.
28. Рязанов А.Ф. Батыр Сырым Датов. // Советская Киргизия. 1924, №10, с. 94-112; Соныкі, Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 гг.). Кызыл-Орда, 1926, -298 с.
29. Чулошников А.П. Очерки по истории Казах-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Оренбург, 1924, -294 с.; Соныкі, Восстание 1755 г. в Башкирии. М.- Л., 1940, с. 97-98.
30. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Ленинград, 1927, с.110-111
31. Вяткин М.П. Сырым батыр, Алматы, 1951, -400 б.
32. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, 1994, -416 б.
33. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России. Алма-Ата, 1948, - 256 с.; Соныкі, Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII - начале XIX в. Москва, 1960, -456 с.; Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. Москва, 1957, -341 с.; Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века (политико-экономический анализ). Алма-Ата, 1971, -634 с.; Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века. Алма-Ата, 1971, -274 с.; Басин В.Я. Россия и Казахские ханства в XVI – XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). Алма-Ата, 1971, -276 с.; Сабырханова А. Ұлы бетбұрыс. Алматы, 1981, -296 б.; Қасымбаев Ж.К. Под надежную защиту России. Алма-Ата, 1986, -134 с.
34. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России. Алма-Ата, 1948, -254 с.
35. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века (политико-экономический анализ). Алма-Ата, 1971, -634 с.; Соныкі, Қазақ шежіресі. А., 1992, -144 б.



36. Зимапов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. Алма-Ата, 1960, -296 с.
37. Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии. Москва, 1958, с. 100.
38. Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. К истории взаимоотношений народов Каракалпаки в XVIII – XX вв. Ташкент, 1966, -336 с.
39. Камалов С.К. Каракалпаки в XVIII – XIX веках (к истории взаимоотношений с Россией и Среднеазиатскими ханствами). Ташкент, 1968, с. 54; Камалов С.К., Уббиниязов Ж.У., Кошанов А.К. Из истории взаимоотношений каракалпаков с другими народами Средней Азии и Казахстана в XVII – начале XX вв. (очерк политических, экономических и культурных связей). Ташкент, 1988, с. 30, 49; Халфин Н.А. Россия и ханства Средней Азии (первая половина XIX века). Москва, 1974, -408 с.
40. Қозыбаев М.Қ. «Өркеннет және ұлт». Алматы, 2001, 286-б.
41. Есмагамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе. Алма-Ата, 1992, -152 с.; Соныкі. Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы, 1993, -240 б.
42. Мадуанов С.М. Взаимоотношения казахов с другими соседними народами Центральной Азии в XVIII – начале XX вв. (политические и социально-экономические аспекты). Алматы, 1995, -275 с.
43. Қасымбаев Ж.Қ. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). Алматы, 1999, -288 с.; Соныкі, Хан Айшуак (1719-1810). Т. 2. Алматы, 2001, -256 с.; Соныкі, Хан Жанторе (1759-1809). Т. 3. Алматы, 2001, -364 с.; Султанов Т.И. Правители Первого Казахского государства (1740-1718). Астана, 1993, с. 24; Соныкі, Поднятые на белой кошке. Потомки Чингизхана. Алматы, 2001, -276 с.; Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы, 1999, -336 с.; Соныкі, Казахские ханы и ханские династия в XVIII – середине XIX в. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана. Алматы, 1997, с. 46-144.; Соныкі, Символы Казахской государственности (позднее средневековье и новое время). Алматы, 2001, -152с.; Соныкі, Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники). Алматы, 2003, -178с.; Артыкбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. Алматы, 2001, -204 с.
44. Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында. Алматы, 2001, -258 б.
45. Тулибаева Ж. Казахстан и Бухарское ханство в XVIII-первой половине XIX в. Алматы, 2001, -156 с.
46. Ахметова Ұ. Арынғазы хан. Ақтөбе, 2004, -168 б.

\* \* \*

*В данной статье проводится разносторонний анализ историографии Батырұлы Каип хана и его династии.*



**Кыдыралина Ж.У.**

*к.и.н., доцент,*

*Академия государственного управления  
при Президенте Республики Казахстан*

**КАЗАХСКАЯ ЭМИГРАЦИЯ  
И НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
ВОПРОС В ДОКУМЕНТАХ  
1920-1980-е годы**

Казахский народ имеет богатое духовно-историческое наследие. Укрепление казахстанской государственности предполагает объективное изучение исторического прошлого страны. В советский период национальный вопрос, как известно, замалчивался или преподносился в искаженной трактовке, что привело к деформации общественного сознания.

После распада СССР одним из первых имен, ставших символами борьбы за независимость Казахстана, называют Мустафу Чокая. Первая положительная статья в Казахстане о нем опубликована Ануаром Алимжановым в журнале «Қазақ әдебиеті» в мае 1991 г. (№ 21, 22.). Еще раньше соратник Чокая по эмиграции, лидер украинского национального движения А.Я. Шульгин сказал о нем: «...Мустафа-бей был ярким выразителем, «чемпионом» идеи независимости Туркестана перед европейским общественным мнением»<sup>1</sup>.

Историко-публицистические работы М. Чокая в СССР подвергались политизированной и идеологической критике. Для западной историографии они, напротив, были одним из основных ее источников<sup>2</sup>.

Авторитет М. Чокая в эмиграции был очень высок. Профессор А.Я. Шульгин в своей речи, произнесенной 8 февраля 1942 г. в Париже на торжественном собрании, посвященном памяти Чокая, сказал о нем: «...Он был воплощением деятельности... Чокай... обладал каким-то исключительным обаянием, он один находил в себе силу и настоящую страсть в отстаивании своих взглядов, в особености тогда, когда дело касалось его Туркестана»<sup>3</sup>.

М. Чокай тесно сотрудничал с представителями эмигрантских национальных движений тюркского мира, Кавказа и Украины. Вместе они создали в 1933 г. «Комитет дружбы народов Кавказа, Туркестана и Украины», вместе требовали отделения своих стран от СССР и создания независимых государств своих народов.

Копии материалов коллекции «Архив Мустафы Чокая» из библиотеки Института восточных языков и цивилизаций в Париже являются важными документальными источниками, освещающими

сложную историческую ситуацию, в которой оказались народы Центральной Азии. О задачах туркестанской эмиграции в тех условиях М. Чокай писал: «Туркестанский вопрос – прежде всего национальный вопрос, т.е. для его успеха необходимо, чтобы он нашел прочное организационное выражение внутри страны и вне ее в среде туркестанских эмигрантов. Нам приходится весьма часто испытывать на себе взгляды европейцев, как на народ и страну, еще нуждающуюся в чьей-то опеке. Европа ведь еще не отказалась от колониального взгляда на восточные страны»<sup>4</sup>».

Изучение переписки Чокая с другими представителями национальных движений туркестанских народов позволяет сделать вывод о непростых взаимоотношениях внутри различных группировок тюркской эмиграции. Так, в письме М. Чокаю Омир Торекулов, один из лидеров татарского национального движения, рассуждает о причинах «татарофобства» Заки Валидова, видя их в притязаниях на лидерство, председательствовании в движении, что свойственно было, по его мнению, и другим представителям туркестанской интеллигенции. Он сетовал на «бесконечно раздираемые борьбой личностей» «Мусават» Азербайджана, Туркестан, «возглавляемый» Валидовым, Поволжье Исхаки...», спрашивая: «все это разве организации?»<sup>5</sup>. Омир Торекулов говорил в письме о необходимости политической организации для создания независимого туркестанского государства и предложил Чокаю взяться за это дело и возглавить организацию.

В информационно-аналитических документах, докладных записках специальных органов СССР указывалось на необходимость обращения особого внимания на Мустафу Чокаева и одного из лидеров «Идель-Уральцев» Идриса Алимджана. В письме НКВД СССР наркомун внутренних дел КазССР от 3 февраля 1938 г. отмечалось об усилении «за последнее время в связи с надвигающейся угрозой войны против СССР активности со стороны» идель-уральцев. Специальные и разведывательные органы СССР постоянно изучали процессы в среде казахской эмиграции не только в известных целях, но и для оказания «положительного идеологического влияния на основную массу рядовых эмигрантов»<sup>7</sup>.

По данным архивных источников спецоргана от 6 января 1968 г., численность казахской эмиграции в Турции, ФРГ, США, Иране, Афганистане, Пакистане превышала 10 тысяч человек. Из них более 100 человек, осевших со своими семьями в основном в ФРГ и США, являлись «изменниками Родины и невозвращенцами периода Великой Отечественной войны». Около 800 семей – переселенцы последних лет из Китая в Турцию. Остальная часть эмигрантов образовалась за счет лиц,



откочевавших в 1929-1931 гг. из южных и восточных районов республики в Иран и Афганистан<sup>8</sup>.

Основной состав казахской эмиграции – в странах Ближнего Востока, граничащих с СССР. Значительная часть переселилась в Турцию, где проживает около 10 тысяч казахов; около 5 тысяч семей казахов в Афганистане, 500 – в Иране, 200 – в Пакистане, 200 – в ФРГ и США, 50 – в Голландии и Швеции и некоторых других европейских странах<sup>9</sup>.

Материалы спецоргана также противоречивы, некоторые данные искажены. К тому же эти документы имеют идеологическую направленность. Так, например, в краткой обзорной справке об антисоветских организациях среднеазиатской эмиграции, составленной 25 февраля 1955 г., отмечается, что «ТНК» (Туркестанский национальный комитет) создан немцами в 1942 г. в г. Миндене, под названием «Комитет национального движения туркестанских национальностей для борьбы за создание «единого туркестанского государства». Во главе – главарь туркестанской эмиграции М. Чокаев и Вели Каюм хан. В том же году немцы ликвидировали Чокаева и руководство организацией целиком принял на себя Вели Каюм хан. Последний немедленно переименовал ее в «Туркестанский национальный комитет» в составе 12 человек. Вели Каюм хан, 1904 года рождения, уроженец Ташкента, узбек, сын торговца, в 1923 г. выехал на учебу в Германию, где окончил сельскохозяйственную академию и стал невозвращенцем. В работе антисоветских организаций принимал участие с 1920 г. С 1930 г. являлся агентом немецкой разведки<sup>10</sup>. Как известно, М. Чокаев умер 27 декабря 1941 г., т.е. раньше, чем был создан Туркестанский легион<sup>11</sup>.

Как указывается в той же обзорной справке, кроме Вели Каюм хана в состав «ТНК» вошли казах Карис Канатбаев, узбек Баймырза Хантов и др. Непосредственное руководство «ТНК» осуществлялось со стороны немецкого Остминистерства, штаба Абвера и Главного управления СС. «ТНК» имел отделы: военный, отдел пропаганды по идеологической обработке легионеров, научный отдел по популяризации идеи независимого Туркестана, отдел радиопередач, отдел военнопленных.

«ТНК» создал ряд разведывательных школ в Польше, Германии, Чехословакии и на территории Крыма. В местечке Вустрау под руководством К. Канатбаева действовала школа пропагандистов. За 1943-1944 гг. эта школа забросила в Среднюю Азию 7 десантных групп. Отмечается также, что участники ТНК из числа казахских националистов (Канатбаев Карис, Тныбеков Хаким, Кайболдин Маулкеш, Кошалаков Усен, Уразиманов Сафа, Хаитов Мирза, Алманбетов Саттар, Умарханов Ахметжан, Бакиев Розак, Каурбанов Рамазан и др.) вели активную работу по созданию самостоятельного Казахского и Восточно-Туркестанского комитетов в составе ТНК.



В конце 1944 г. с согласия немецкой разведки Канатбаев К. вместе со своими единомышленниками создал «Туркестанский национальный совет» (ТНС), возглавившего антисоветскую работу по созданию независимого государства «Большой Туркестан». Ими же был сформирован и направлен на борьбу против Красной Армии так называемый «Восточно-туркестанская дивизия СС».

Таким образом, образовались два националистических центра: ТНК – во главе с Вали Каюм-ханом и ТНС – во главе с Карисом Канатбаевым. На концертах «пропагандистского взвода» «Туркестанского легиона» регулярно исполнялись националистические песни, ставились постановки, призывающие легионеров к активной борьбе против Советского Союза.

После окончания второй мировой войны ТНК и ТНС перешли на службу американской и английской разведок. Вели Каюм хан бежал в Минден (английская зона оккупации Германии). Там в 1948 г. под прикрытием так называемого «Института Туркестана» был создан разведорган. По данным за 1954 г., «ТНК» издавал в Мюнхене журнал «Милли Туркестан» и имел туркестанскую редакцию во главе с Тачмурат Муратом.

«Национальный Комитет Туркели» создан по заданию американцев в 1951 г. в Западной Германии казахом Канатбаевым Карызом, 1911 года рождения. По другим данным, 25 июля 1968 года в Мюнхене на так называемом съезде «Туркели» было объявлено об учреждении антисоветского националистического «Комитета за освобождение туркестанских народов» во главе с казахом Карисом Канатбаевым. Комитетом издается антисоветский журнал «Туркели», пропагандирующий идею создания великого государства туркестанских народов.<sup>12</sup>

Большой интерес для изучения одной из ветвей казахской эмиграции представляют архивные документы о казахских беженцах в Китае. В докладной записке «О перекочевках казахских хозяйств в Китай», составленной по состоянию на 1 января 1930 г. подчеркивается, что «установки о перекочевке населения в Китай, как до проведения конфискации байских хозяйств, так и в связи с конфискацией, исходили от казахских националистов, рассматривавших эту меру как один из методов ограждения скотоводческих хозяйств от разорения, которое, по их мнению, несет в степь политика Советской власти»<sup>13</sup>.

Ш. Сулейменов на протяжении ряда лет ведет систематическую контрреволюционную агитацию: «Одна из худших сторон Советской власти – это гонение на религию. Сейчас никого не учат религии, а потому религия через 5-10 лет будет загнана».

В сводках охарактеризованы и другие протестные явления. «...За последний период времени контрреволюционная агитация, байство и



мусульманское духовенство с перекочевкой в Китай перекинулось в более отдаленные районы от границы, в частности, в Кастекский район.

В документе приводятся следующие цифры о масштабах массовых укочевок. Так, за весь 1929 год в пределы Китая укочевало байских хозяйств – 123, середняцких – 128, бедняцких – 165. Всего – 416. Душ с байскими хозяйствами – 739, середняками – 474, бедняками – 132, всего – 1845. Угнано скота с байскими хозяйствами 11607, середняцкими – 6969, бедняцкими – 1132, всего – 19708. Из этого количества только в период хлебозаготовительной кампании в момент активизации деятельности байства и зарубежной контрреволюции укочевало байских хозяйств – 117, середняцких – 127, бедняцких – 153, всего – 397 или 95 % душ с байскими хозяйствами – 414, середняцкими – 472, бедняцкими – 591, всего – 1477 или 80% угнано скота с байскими хозяйствами – 11427, середняцкими – 6964; бедняцкими – 1095, всего 19486 или 98%.

Задержано Погранохраной за год всего 250 хозяйств с 17577 головами скота или 26,4% по отношению к общему числу пытавшихся укочевать<sup>14</sup>.

Как известно, появление за рубежом казахских националистических формирований и организаций в Синьцзяне было вызвано гражданской войной в России в 1918 - 1922 гг. В документах указывается, что вначале это была чисто эмигрантская организация, состоящая из алашординцев, крупных баев, феодалов и родовых авторитетов, отдельные члены которой пытались проводить открытую вооруженную борьбу из-за кордона. В материалах сообщается, что один из лидеров «Алаш Орды» Марсеков после эмиграции в Китай восстановил и поддерживал связь с японской разведкой, алашординец Тергеусизов имел связь с английским консулом в Кашгаре. Когда в 1922 г. основные силы басмачества были разгромлены Красной Армией и один из организаторов и руководителей движения Энвер-Паша был убит, инициативу взял Валидов З., который вместе с Чокаевым М. и Идрисовым Г. организовал в Стамбуле так называемый заграничный центр националистических организаций Средней Азии и Казахстана под названием «Средне-Азиатский Комитет» с отделениями в Париже, Берлине и др. городах. Активное участие в антисоветской деятельности этой организации принимали Беримжанов Г., Каюмов Вали (Вали Каюм-хан), Мунайтпасов и др.

В 1925 г. в Китае создан нелегальный эмигрантский центр с задачей объединения и подготовки эмиграции для активной борьбы против СССР, налаживания связи с антисоветскими формированиями вне Синьцзяна.

В 1926 г. была установлена связь с алма-атинскими алашординцами, в 1928 г. с проживающими в Турции эмигрантскими деятелями Заки Валидовым и Масгутом Садири, в 1930 г. с лидером татаро-башкирской организации «Идель-Урал» Искаковым Гаязом и др.



Произошедшее в 1931-33 гг. в Синьцзяне крупное восстание дунган и уйгур вызвало активизацию антисоветской работы всей эмиграции и в особенности казахской. Основную ставку казахская эмиграция делала на алашординцев и националистические формирования, нелегально действовавшие в республике.

В январе 1932г. в г.Чугучаке руководители алашординской эмиграции Марсеков Раимжан, Жаназаров Салим, Дюсембаев Карим и др. (впоследствии, в 1938 г., все они были арестованы в Синьцзяне) создали подпольную организацию «Уш Жуз», ее штаб именовался «Казахский национальный центр» и находился в Тарбагатайском округе. В справке сообщается, что Раимжан и его брат Шириездан Марсековы бежали в Илийский округ Китая, остальные активные участники «Центра» (Зият Шакаримов, Карим Дюсебаев и др.) спешно перебрались на Алтай.

Разгром восставших уйгур и дунган правительственными войсками Синьцзяна лишил руководителей «Уш Жуз» базы для дальнейшей работы против СССР, т.к. пришел к власти в Синьцзяне Шеен-Ши-Цай внешне повел курс на сближение с Советским Союзом.

Созванный в 1936 г. Провинциальным правительством в г.Урумчи Казахско-Киргизско-Монгольский объединенный съезд лидеров повстанческого движения стал нелегальным съездом казахской повстанческой организации. Руководителем повстанческой организации остался бывший алтайский губернатор Шаримхан Кугедаев. Ее филиалы оформлены в других округах Синьцзяна. В результате принятия в 1937-1941 гг. Синьцзянским правительством и советскими чекистскими органами мер вооруженное выступление организации было сорвано, и сама она была разгромлена.

В справке приводятся также данные о том, что в 1929-1934 гг. из Западного Казахстана в Иран бежало значительное количество членов различных антисоветских формирований из казахского рода Адай, многие из них «примкнули к активно действовавшим в Иране эмигрантским формированиям, включились в подрывную работу, активно участвовали в бандистско-повстанческих выступлениях на территории Гурьевской и Актюбинской областей»<sup>15</sup>.

В 60-е годы общий процесс либерализации политической жизни в СССР национальный вопрос вышел из подполья, стал предметом обсуждения на самом высоком уровне. В справке, направленной КГБ КазССР в ЦК КП Казахстана 6 января 1968 г., информируется, что НИИ турецкой культуры в г. Анкаре издает для эмигрантов книги, брошюры и другие справочные материалы о Советском Союзе, имеет большую библиотеку. Институт мусульманской истории при Стамбульском университете, который поддерживает связь со многими исследовательскими учреждениями за границей, располагает редкими



историческими изданиями. Сообщается, что организатор этого института Заки Валиди Тоган, башкир, крупный востоковед, высказывает готовность принять несколько молодых ученых из Казахстана и оказать им содействие в сборе и обработке материалов из фонда института.

В справке подчеркивается, что часть эмигрантов настроена к СССР лояльно, проявляет интерес к республике, ее культуре, науке и искусству. Например, Кызыл Хайретулла – член Союза писателей Турции заявил, что организовал казахский самодеятельный театр, но не имеет произведений казахских драматургов, которые можно было бы поставить на его сцене, и просил выслать ему пьесы, пластинки и современные казахские книги.

Советские государственные и партийные органы считали теперь целесообразным через соответствующие ведомства и учреждения, поддерживающие культурные, научные и иные связи со странами, где имеются колонии выходцев из Казахстана, активизировать работу по пропаганде достижений республики. Так, Госкомитету при СМ КССР по радиовещанию и телевидению предлагалось периодически готовить материалы о жизни Советского Союза и Казахстана для Ташкентской и Бакинской радиостанций, ведущих передачи на Турцию, Афганистан, Иран и Пакистан<sup>16</sup>.

Очередное «закручивание гаек» в этой сфере появилось уже в начале 1970-х годов. Вновь заговорили о росте антисоветских настроений в стране, западной пропаганде и ее влиянии. В одной из справок спецоргана в партийные органы за 1976 год отмечалось, что «идеологические центры противника отводят значительное место подрывным акциям, рассчитанным на проникновение в межнациональные отношения, разжигание национальной розни, ослабление интернационального единства народов СССР»<sup>17</sup>.

В документе говорилось об определенной подрывной работе против Казахстана участников «Комитета освобождения туркестанских наций». Некоторые участники комитета использовались спецслужбами США на работе в радиостанции «Свобода». Отмечается, что руководители Комитета Канатбаев К., Тагиберли Д. и др. стремились вступить в контакты и обрабатывали в националистическом духе советских граждан, выезжающих за границу из Казахстана.

По данным КГБ СССР, в 1976 г. за рубежом проживало более 6 млн. этнических таджиков, узбеков, туркмен, киргизов и казахов. Лишь незначительная часть их могла быть отнесена к так называемой «туркестанской эмиграции». Указанные эмигранты и их потомки, проживавшие в основном в странах Центральной Азии, Ближнего и Среднего Востока, а также частично в Западной Европе, США и Канаде, не были объединены в крупные организации.



Казахскую редакцию радиостанции «Свобода» возглавляет Бапишев Жакибай, уроженец Кызыл-Ординской области, невозвращенец, участник «Туркестанского легиона», причастный к спецслужбе США. С радиостанцией сотрудничает ряд других антисоветчиков Х.Оралтай, Д.Тагиберли, А. Жанымханов и др.

В то же время руководители «Туркели» и казахской редакции радиостанции «Свобода» вносят определенные коррективы в тактику своей деятельности. Они сосредоточили свое мнение на идеализации исторического прошлого и культурного наследия казахов с националистических позиций, пропагандируют панисламистские и пантюркистские идеи, ведут обработку в этом духе выезжающих за границу советских граждан из Казахстана<sup>18</sup>.

Ряд архивных документов свидетельствует о стремлении казахской диаспоры за рубежом поддерживать культурно-просветительские связи с соплеменниками на исторической родине. Так, в информации МИДа КССР, направленной в СМ КССР 18 ноября 1977 г. сообщается содержание беседы, состоявшейся в Генконсульстве СССР в Стамбуле с одним из руководителей казахской общины Халифой Алтаем по его просьбе. Х. Алтай сообщил, что на территории Турции проживает около 800 семей казахской национальности. ...Его община состоит из тех лиц, которые выехали в два этапа в 1938 и 1949 г. из провинции Синьцзян (КНР). Для удовлетворения культурных и духовных запросов членов своей общины Х. Алтай намерен организовать библиотеку, написать популярные книги об истории и культуре своего народа, открыть казахскую школу. В этой связи он просил советскую сторону помочь им для начала получить литературу на казахском языке. МИД республики по представленной информации МИД СССР с учетом этих пожеланий организовал подбор пропагандистского материала (книги, брошюры, пластинки, магнитные ленты, фотоматериал) для отправки в Стамбул<sup>19</sup>.

В информации заместителя заведующего идеологическим отделом ЦК КПК М. Джолдасбекова от 7 июня 1989 г. отмечалось, что «в условиях утверждения нового политического мышления в деятельности парткомов республики, СМИ и органов, работающих на зарубежные страны, стержневой становится тема приоритета общечеловеческих ценностей, взаимовыгодного международного сотрудничества, развития идей патриотизма, дружбы и братства народов СССР и стран социализма. Телекомпания ряда социалистических и капиталистических стран закупили свыше 10 наименований телефильмов о Советском Казахстане. В январе 1989 г. в рамках передач Казрадио начата работа программы «Атамекен» для соотечественников за рубежом»<sup>20</sup>.

Таким образом, история национальных движений казахской эмиграции многогранна и обширна. Но все еще исследование истории

казахской эмиграции ведется фрагментарно. Пока не все материалы в полной мере выявлены и изучены, и лишь в нескольких исследованиях в той или иной степени затронут вопрос казахской эмиграции. Эти, прежде закрытые, страницы национальной истории нуждаются в активной разработке.

### Литература

1. ЦГА РК. МФ - копии документов из коллекции «Архив Мустафы Чокая бей» библиотеки Института восточных языков и цивилизаций в Париже. Carton № 2. Dossier 2.
2. Исхаков С.М. Мустафа Чокаев. Революция в Туркестане. Февральская эпоха // Вопросы истории. – 2001. - № 2. – С. 5.
3. ЦГА РК. МФ - копии документов из коллекции «Архив Мустафы Чокая бей» библиотеки Института восточных языков и цивилизаций в Париже. Carton № 3. Dossier 2.
4. Там же.
5. Там же.
6. Специальный государственный архив Комитета национальной безопасности Республики Казахстан (далее – Спецгосархив КНБ РК), ф. 2, оп. 1, арх. № 131, л. 1 – 3.
7. Там же, ф. 2, оп. 1, арх. № 656, т.4, л. 433.
8. Там же, л. 434, 435.
9. Там же, ф. 2, оп. 1, арх. № 656, т. 13, л. 492, 493.
10. Там же, л. 494-496.
11. Садыкова Б. История Туркестанского легиона в документах. – Алматы: Кайнар, 2002. – С. 229.
12. Спецгосархив КНБ РК, ф. 2, оп. 1, арх. № 656, т. 13, д. 497-499.
13. Там же, ф. 2, оп. 1, арх. № 656, т. 15, л. 188.
14. Там же, л. 190-194.
15. Там же, л. 196-199.
16. Там же, ф. 2, оп.1, арх. № 656, т.4, л. 437-438.
17. Там же, л. 450-453.
18. Там же.
19. Центральный государственный архив Республики Казахстан, ф. 1137, оп. 18с, д. 1912, л. 183, 184.
20. Архив Президента Респ. Казахстан, ф. 708, оп. 139, д. 1497, л. 8-10

\*\*\*

*Мақалада украин, татар, башкир халықтарының эмигранттық ұлттық қозғалыстарының белгілі қызметі мен қазақ эмигранттық интеллигенциясының саяси, шығармашылық байланыстары сөз болады, сонымен бірге бұған түрік әлемінің ұлттық қозғалыс көсемдерінің өзара қарым-қатынасы тура келетіні баяндалады.*



ӘОЖ 396.5:351.823.1

Ж.К. Муканғалиева

*М. Әбішев атындағы БҚМУ  
аспиранты*

**1966-1975 ЖЫЛДАРДАҒЫ  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ  
ДАМУЫНДАҒЫ ЕҢБЕККЕР  
ӘЙЕЛДЕРДІҢ РОЛІ**

Қазақстандағы өткен ғасырдың 60-70 жылдарындағы халық шаруашылығының дамуында ауыл шаруашылығының алатын орны ерекше. Бұл сала бір-бірімен тығыз байланысты екі міндетті - біріншіден, өндірісті шикізатпен; екіншіден, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған шараларды шешеді. Өзінің бастау негізін КОКП ОК-нің 1965 жылғы наурыз Пленумының шешімдерінен алатын жаңа аграрлық саясат өз алдына үлкен бес міндеттерді алға қойды: біріншіден, ауыл еңбеккерлерін материалдық ынталандыру; екіншіден, қоғамдық өндірісті өрге бастыру үшін партия, совет органдары, кәсіподақ, комсомол ұйымдары еңбекшілер арасында саяси-тәрбие жұмысын ықпалды жүргізу; үшіншіден, ауыл-село еңбеккерлерінің бастамалары мен белсенділігін арттыру мақсатында оларға қолайлы жағдай жасау; төртіншіден, ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын жасап нығайту, оған осы заманғы ғылым мен озат практиканы енгізу; бесіншіден, колхоздар мен совхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайту. Осы міндеттерді шешуде барлық еңбекшілер жұмылдырылып, олардың ауыл шаруашылық өндірісіндегі күші ірі табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Айталық, 1966-1970 жылдар аралығында Орал облысы бойынша бесжылдық жоспардан тыс мемлекетке 1296,4 мың тонна астық, 30,2 мың тонна ет, 17,3 мың тонна сүт, 17,6 мың тонна жүн, 13,7 миллион дана жұмыртқа тапсырылған /1/. Сөз жоқ, ауыл шаруашылығы дамуындағы жетістіктер қарапайым еңбек адамдарының, орта және жоғарғы буын маман кадрлардың, ұжым басшыларының, әсіресе, ауыл-село еңбеккер әйелдерінің еңбек және әлеуметтік белсенділіктерінің нәтижесі болып саналады.

Қарастырылып отырылған кезең (1966-1975 ж.ж.) колхоздарды совхоздарға айналдыру процесінің тежелуімен және колхозшылардың жартысына жуығын әйелдер құрауымен сипатталынады. Сәйкесінше, 1959-1979 жылдардағы колхоздарда еңбек еткен әйелдер мен ерлердің ара-қатынасы төмендегідей: 1959 жылы жалпы колхозшы ерлер саны 902,2 мың, ал әйелдер саны – 1024 мың, бұл 46,8% және 53,2%-ға тең. 1965 жылы 49,2% және 50,8%-ға, ал 1979 жылы 43,5% және 56,5% -ға тең болған /2/. Бұл мәліметтер колхоздардағы әйелдер мен ерлердің еңбекке

тартылу көрсеткішінің жалпы көп өзгеріске ұшырамағандығын және колхоз өндірісінде әйел еңбегінің өсіп отырғандығын көрсетеді.

1969 жылы бір ғана Казталовка ауданының өзінде материалдық игіліктерді қолдан өндіруге 1500-ден астам әйел, оның ішінде қой шаруашылығында-386, ал сауыншы, гурт бастығы болып 244 әйел, аға шопан болып 23 әйел жұмыс істеген болса /3/, ал Тайпак ауданында 278 әйел мал шаруашылығында, 17 әйел механизатор, Бөрлі ауданында 18 әйел ауыл шаруашылық маманы, 14 әйел механизатор, Жәнібек ауданында 787 әйел малшы және механизатор болып жұмыс істеген /4/. 1970 жылы облыста мал шаруашылығында 6 мыңнан астам әйел, оның ішінде 2494 әйел шопан, 1918 әйел сауыншы, 538 әйел бұзаушы еңбек еткен /5/.

Ауыл шаруашылығындағы жұмысты барлық озық формада жүргізген Орал облысының шаруашылықтары 1966-1970 жылдары өнімді өндіру мен мемлекетке тапсыруда жоспар мен міндеттемелерін орындап, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Тиімділік пен сапаның артуы, әсіресе, егіншілік мәдениетін көтерумен тығыз байланысты болды. Орал облысы дикандары 1966 жылы – сегізінші бесжылдықтың алғашқы жылы мемлекет қоймасына 44 миллион пұт, яғни жоспардан тыс 11 миллион пұт астық артық құйды /1;1/. 1968 жылы Зеленов ауданындағы Шаған совхозындағы комбайнер Раиса Антоновна Логвиненко 13 мың центнерден астам астық бастырған, өз комбайнымен 600 гектар дәнді-дақылдар өрған. Кей жерде механизатор мамандардың жетіспеуіне байланысты комбайн штурвалына басшылардың өзі отыруына мәжбүр болған, дегенмен олар жоғарғы көрсеткіш көрсеткен. Мәселен, Бөрлі ауданының «Октябрьдың 40 жылдығы» колхозында Надежда Тешина «СК-3» комбайнымен 350 гектар егін жинап, 7799 центнер астық бастырған. Аудан еңбеккер әйелдерінің қолынан мемлекет қоймасына 26 миллион пұт астық тазартылып, жөнелтілген /5;1/. Елдің астық қоймасына осынша астық тапсыруға атсалысқан еңбеккерлер мемлекет тарапынан бағаланылып, оларға атақ-дәрежелер беріліп, материалдық тұрғыдан ынталандырылған.

Орал өңірінің №87-ші санында КСРО Жоғарғы Президиумының 1967 жылғы 19 сәуірдегі Жарлығы бойынша 1966 жылы астық өндіруді және дайындауды молайтуда қол жеткен табыстары үшін Орал облысында ауыл шаруашылығы озат әйелдерінің үлкен тобы КСРО ордендерімен және медалімен наградталғандығы туралы мәліметтер берілген. Соның ішінде, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградталған Бөрлі ауыл шаруашылық басқармасының агрономы Никулина Лидия Ивановна, Бөрлі ауданының «Пугачев» совхозының агрономы Понамарева Валентина Васильевна, «Құрмет белгісі» орденімен наградталған Қазақстан КП Приурал аудандық комитетінің секретары Рычкова Мария

Ивановна, ауыл шаруашылығы және дайындау қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің секретары Савинкова Ольга Ивановна, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталған облыстық ауыл шаруашылық басқармасының агрономы Барабаншикова Феодосия Константиновна, Қазақстан КП Бөрлі аудандық комитетінің секретары Иванова Валентина Николаевна, Тайпак ауданының «Есенсай» совхозының тракторисі Қуанышева Ағыла, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталған Чапаев ауданы «Восход» совхозының бөлімше агрономы Шамакова Жұмайна, Приурал ауданы, Жданов атындағы совхоздың партком секретары Гутарева Надежда Григорьевналардың есімдері құрметпен аталады /6/.

Еңбеккерлердің терең техникалық білімінсіз, жоғары біліктілік пен өрелі мәдениетінсіз, ғылым мен техникалық табыстарын жан-жақты пайдаланбай ауыл шаруашылық өндірісін өрге бастыру мүмкін емес еді. Бұл үрдіс жалпы білім, кәсіби-техникалық әзірлік, біліктілікті арттыру, озат тәжірибені өндіріске енгізу, бұқараның еңбек және саяси белсенділігін ояту сияқты тұтас бір проблемалар шеңберін қамтиды. Бұл міндеттерді шешу селолық кәсіби-техникалық училищелер және шаруашылықтар жанында ашылған училищелердің филиалдары мойына үлкен жүк артты. Аталған оқу орындарында бұл орайда қыруар жұмыс тындырылып, оларда механизатор, малшы кадрлары даярлайтын курстар ұйымдастырылған.

Мәселен, селолық кәсіби-техникалық училищелерде Орал облысы бойынша 1967-1969 жылдары қыздардан 410 механизаторлар даярланған болса /4;1/, 1970 жылы 778 әйел-қыз механизатор мамандығын игерген /5;2/. Ал, облыс шаруашылықтарында 1969 жылы механизаторлар даярлайтын курстарда 312 қыз-келіншек оқып /4;2/, механизатор мамандығын игерген жүз бір әйел жұмыс істеген /7/. Атап айтсақ, Фурманов ауданында-13, Казталовка ауданында-12, Шыңғырлау ауданында-9, Жымпиты ауданында-8 әйел болған т.б. /7;1/

Механизатор мамандығын даярлау және тәрбиелеу жөніндегі ұланғайыр жүйелі жұмыстың арқасында көптеген шаруашылықтар жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз етіп, экономикалық тиімділікке қол жеткізді. Әсіресе, комсомол жастардың еңбекке тартылуы экономикада өз жемісін берді. Облыста 1969 жылы Анна Дмитриевна Глухота басқарған трактор бригадасы құрылып, ел үшін атқарған ерен еңбектері үшін комсомол комитетінің ауыспалы Қызыл туымен наградталған /5;3/. Олар өздеріне бекітіліп берілген техниканы соншалықты ұқыпты, күтіп ұстап, көп мөлшерде жанар-жағармай үнемдеген.

Еңбек бәсекесінің ең құлаш жайған және тиімді түрі ауыл шаруашылығында техниканы меңгеру, еңбектің өркеніетті әдістерін үйрену, кәсіби шеберлікті жетілдіру жөніндегі жарысты жандандыруға, оны жаңа мағыналы мазмұнмен байытуға себепші болды. Орал



облысында жыл сайын «Таңдаулы механизатор», «Облыстың таңдаулы шопаны», «Облыстың таңдаулы сауыншысы» деген атақтарды берудің ережесі мен шарты талқыланып, бекітілді. Осы атакты алғашқылардың бірі болып, Р.Сағынғалиева, Б.Жазалиева, З.Есенғалиева, С.Құбашева, Ұ.Шапиева, Ж.Бекматова, Қ.Миканова, Ж.Баймұханова, М.Жұмағалиева, Р.Логвиененко, Н.Я.Лобастова, Р.Мамаева, Г.Иваненко және басқалар жеңіп алды. Мұрағат құжаттары мен баспасөз материалдары көрсеткендей, осылардың арасында 1966 жылы Фурманов ауданындағы «Қызыл партизан» совхозының аға шопаны Р.Сағынғалиева 100 бас қой мен 100 бас сиырдан 95 қозы мен бұзау өсіріп, 94,8 килограмм кәрі малдан, 100 килограмм жас малдан ет тапсырып /8/, 1968 жылы Жәнібек ауданындағы «Қайрат» совхозының аға шопаны Б.Жазалиева бағымындағы саулықтардың әр жүзінен 104 қозы өсіріп, әр қойдан 3,7 килограмнан жүн қыркып /5;4/, 1969 жылы «Қаратөбе» совхозының аға шопаны Зәуре Есенғалиева әр жүз саулықтан 109-дан қозы өсіріп, әр қойдан 3,5 килограмм жүн қыркып /5;5/, 1966 жылдың I-ші кварталында Приурал ауданындағы, Калинин атындағы колхоздың сауыншысы Р.М.Маркина 987 л сүт, Шыңғырлау ауданындағы «Қызылкөл» совхозының сауыншысы Б.Ильясова 495 л сүт /8;1/, 1968 жылы Приурал ауданының «Жеміс-овощ» совхозындағы сауыншы Н.Я.Лобастова өзіне бекітілген 25 сиырдың әрқайсысынан орта есеппен 3250 л сүт үкіметке тапсырып /9/, 1969 жылы КОКП мүшесі, сауыншы Любовь Прокофьевна Мостовая Лениндік мерекені лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа қосылып, бесжылдық жоспарды төрт жылда абыроймен орындап, жоспардағы 129700 л сүттің орнына 130293 л сүт сауып көзге түскен /10/.

70-ші жылдардағы жарыстарды ұйымдастыруға тән сипат – құнды бастамалардың тууы мен таралуы еді. КОКП ОК социалистік жарыстарға қатысушылардың бірқатар патриоттық бастамаларын, қазақстандықтар қолдап отырған. Мәселен, сүт-тауарлық фермаларда озат сауыншы Л.Пейпстің құнды бастамасы кеңінен қосталынған. Сәйкесінше, Батыс Қазақстанда бастаушысы Ақтөбе облысының ауыл шаруашылық тәжірибе станциясының сауыншысы Анна Нагорная болған «үшмыңдықшылардың» қозғалысы кеңінен тараған. Оның жеке рекорды 1974 жылы бір жемшөптегі сиырдан 5036 л сауылған сүтті құраған. Осы жарыстың нәтижесінде 1975 жылы Приурал сүт-тауарлық фермасында 245 сауыншы әр сиырдан 2500 л астам сүт, ал Бөрлі ауданының «Диканшы» колхозындағы шеберлер В.И.Халецкая, О.П.Богомол, М.А.Забимская – 3100-3400 л сүт сауған /11/.

Ауыл-село­лардағы еңбеккер әйелдер артельдің қоғамдық өміріне де белсене қатысқан. Мәселен, 1969 жылы облыста жергілікті Советтерінің депутаттары болып екі мыңнан астам әйел-қыздар сайланған. Бұл барлық депутаттардың 36,5% /4;5/. 1970 жылы Бөрлі ауданындағы сауыншы,

аудандық Советтің депутаты, колхоз партия комитетінің және жолдастық соттың мүшесі А.Боцу мен колхоздың басқарма мүшесі Е.Плахотная коллектив алдында тұрған саяси-шаруашылық мәселелерді шешуге белсенді қатысқан. Бұлардан басқа 8 адам-селолық Советтің депутаты болып, тапсырылған 12 аманаттың жетеуін орындап, яғни колхозда мәдениет үйінің, Тихоновка селосында дүкеннің, Ново-Покровка селосында моншаның құрылысын сол жылы-ақ аяқталуына ат салысқан /10;1/.

Алайда, Батыс Қазақстан облысында әйелдерді өндіріске тартуда барлық мүмкіндіктер пайдаланылмаған. Ауыл шаруашылығының маңызды салаларындағы еңбеккер әйелдердің қызметтерін ұйымдастыруда, олардың еңбек белсенділігі мен шығармашылық, өнертабыстық қабілетін тәрбиелеуде, кәсіби шеберлік пен тұрмыс мәдениетін жетілдіруде күн тәртібінде әлі де болса басшылық тарапынан шешілуі тиіс мәселелер көп болды.

#### Әдебиет

1. Б.Қ.Бірімжаров. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда. Орал, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің баспа орталығы, 2006-159 бет.
2. Бримжаров Б.К. Социально-экономические развитие аулов и сел Казахстана в 60-е – 80-е годы. (по материалам западных областей)-Алматы. Гылым. 1996. 119 с.
3. Орал өңірі, 1969 ж. 5 маусым. №112, 2-бет
4. Орал өңірі, 1969 ж. 8 ақпан. №28 3-бет
5. Орал өңірі, 1970 ж. 7 наурыз. №47 2-бет
6. Б.Қ.Бірімжаров Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда. Орал, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің баспа орталығы, 2006-184 бет.
7. Орал өңірі, 1969 ж. 8 ақпан. №28 2-бет
8. Орал өңірі, 1967 ж. 1 мамыр. №87 4-бет
9. Орал өңірі, 1969 ж. 8 ақпан. №28 2-бет
10. Орал өңірі, 1970 ж. 7 наурыз. №47 2-бет
11. Орал өңірі, 1969 ж. 8 ақпан. №28 2-бет
12. Орал өңірі, 1969 ж. 4 ақпан. №24 1-бет
13. Осында, 1-бет
14. Орал өңірі, 1969 ж. 8 ақпан. №28 2-бет
15. Бримжаров Б.К. Социально-экономические развитие аулов и сел Казахстана в 60-е - 80-е годы. (по материалам западных областей)-Алматы. Гылым. 1996. 134 с.
16. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві (БҚОМА), 761-қор, сақталу бірлігі-801, бума-179, 131-бет.



17. Орал өңірі, 1969 ж. 8 ақпан. №28 2-бет
18. Орал өңірі, 1970 ж. 7 наурыз. №47 2-бет
19. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві (БҚОМА), 761-қор, сақталу бірлігі-801, бума-179, 92-бет.
20. Орал өңірі, 1967 ж. 15 сәуір. №75 3-бет
21. Орал өңірі, 1970 ж. 2 сәуір. №65 3-бет
22. Орал өңірі, 1970 ж. 7 наурыз. №47 2-бет
23. Орал өңірі, 1970 ж. 2 сәуір. №65 3-бет
24. Бримжаров Б.К. Социально-экономические развитие аулов и сел Казахстана в 60-е – 80-е годы. (по материалам западных областей)-Алматы. Гылым. 1996. 141 с.

\* \* \*

*В статье на основе архивных и фактических данных рассматриваются основные направления развития сельского хозяйства Западного Казахстана в 1966-1975 г.г. и участие в них женщин-тружениц аулов и села.*

ӨОЖ 93:070 (574) «1917/1920»

**Ә.Қ. Мұқтар**

*т.ғ.ғ., профессор,*

**Қ.Сүндетұлы**

*Қазақстан Журналистер*

*Одағының мүшесі, ізденуші*

**АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛЫҚ  
КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
БАТЫС ӨҢІРІ МЕРЗІМДІ  
БАСПАСӨЗІНІҢ ТАРИХЫ  
(1917 ақпан - 1920 жылдар)**

Қазақ қоғамы үшін ХХ ғасырдың бас кезі түрлі саяси, азаматтық бағыттардың өзара қалыптасуы және күрес кезеңі болды. Әсіресе, 1917-20 жылдардағы «Азаматтық қарсылық жылдары» деген атпен қалған кезең қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырды. 1917 - 1918 жылдары алғаш рет қазақ топырағында, қазақ тілінде бой көрсете бастаған большевиктік газеттер кеңес үкіметі жылдарында ұзақ уақыт бойы елімізде шығып тұрған бірден-бір мерзімді басылым болып отырғандығы өмір шындығы», - деп жазады республикамыздың мерзімді баспасөзіндегі деректануды зерттеуші, тарих ғылымының докторы Қ.Атабаев [1].

Барлық газет, журнал партиялық бақылауда болып, қатаң сыннан өткізілді. «Қазан төңкерісі қарсаңында коммунистердің 75 газет пен



журналдары болды, оның 25-і күнделікті еді. 1917 жылы қазанда олардың жалпы саны тиражы аптасына 3,5 миллион данаға жетті [2].

Қазақстанның жас баспасөзіне материалдық база жасау мәселесі жаңа құрылған үкіметтің басты назарында болды. 1920 жылы 4 маусымда В.И.Ленин Мемлекет баспасына В.В.Воровскийге записка жазды. Онда ол былай деп жазған: «Киргиз жолдастар әріп құйғыш, баспахана және қағаз алуға көмек сұрайды. Оларды қабылдап, барынша көмектесуді өте-мөте сұраймын»[3]. Елде «Буржуазиялық» деген сипатпен «Қазақ» (Орынбор), «Степная речь» (Петропавл), «Дело» және «Свободная речь» (Семей), «Свободная степь» (Павлодар), «Сарыарка» (Семей), «Ұлы Түркістан», «Алаш» (Ташкент) және басқа газеттер жабылды. Енді кеңестердің баспа органдары шыға бастады: бұлар - «Жұмысшы, солдат және мұсылман депутаттары кеңесінің Ақтөбе атқару комитетінің бюллетені» (Ақтөбе), «Торғай облыстық комиссариатының Известиясы» (Орынбор), Қазақ өлкесін басқаратын Әскери комитеттің органдары (Орынбор), «Дұрыстық жолы» (Орда), «Яицкая правда» (Орал), «Еңбек туы» - Қазақ Орталық Атқару комитеті мен РКП (б) Облыстық бюросының органы (Орынбор) және басқалары. Бұдан сәл кейін «Кедей сөзі» (Омбы), «Қызыл ту» мен «Красный Урал» (Орал), және де басқалары[4].

Октябрь революциясын, пролетариат диктатурасын, Совет өкіметін, коммунистік бағытты жақтап, жырлауда қазақ совет әдебиетінің алғашқы жолын тартқан Сәкен Сейфуллин бастаған бағыт; екіншісі-Октябрь революциясына, Совет үкіметіне, коммунистік партияға қарсы шыққан, қарсыларды мақтаған Мағжан Жұмабаев бастаған бағыт»[5]. Тарихшы Ләйла Нұрғалиева «Тарих және баспасөз» атты еңбегінде осы кезеңге төмендегіше баға береді: «Ғылыми әдебиетте, әсіресе ұлттық мүдде тұрғысынан қызмет еткен Алаш қайраткерлерінің еңбектері теріс түсіндіріліп келді. [6]. 1927 жылы Қызылорда қаласында «Қазақ баспасөзі Октябрь өзгерісінен бұрын қандай еді, кейін қандай болды?» деген атпен шықты. [7]. 1921 жылы Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының жанынан республикадағы баспа жұмысына басшылық жасау үшін арнаулы орталық – Қазақ мемлекеттік баспасы құрылды[8].

Сауатсыздықты жоюдағы газеттің белсенді рөлін Орал облысы губерниясына қарасты Гурьев уездік «Жұмыскер тілі» газетінде редактор болған Ғ.Махамбетов былай деп еске алады: «Газет еңбекшілердің мәдени деңгейі мен білімін көтеруде өте үлкен рөл атқарды»[9].

Азаматтық қарсылық кезеңі басталғанға дейін Қазақстанның батыс өлкесіндегі дүниеге келген «Уральские войсковые ведомости» (1867), «Уральский листок» (1892), «Уралец» (1897), «Уральский дневник» (1906), татар тілінде «Фикер» (Мысль) (1905), «Ал-гасрель жәдид» (Новый век) (1906), «Уклар» (Стрелы) (1906) және т.б. қалың бұқараның зор қолдауына ие болып, болашақ мерзімді баспасөздің талайының



тұсауын кесті [10]. 1917 жылы қыркүйектен 1918 жылдың мамыры аралығында Орда қаласында (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданына қарасты) «Ұран» газеті шығып тұрды. Х.Н.Бекхожиннің «Қазақ Совет баспасөзі» (1917-1921 жылдар) атты кітапшасы жарық көрді. 1917 жылы 15 желтоқсанда Орда қаласында қазақ еңбекшілері өкілдері жиналысының қаулысы бойынша Уақытша үкіметтің Бөкей ордалық комитеті таратылып, оның орнына ревком құрылғанда «Ұран» газеті «Тағы да өзгеріс» деген хабар жариялаған.[11]. Қазақ әдебиетінің негізін қалаушы С.Сейфуллиннің даңқты «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітабында мынадай жолдар бар: «Әр жерде-ақ газет шығара бастады... Бөкейлікте, Астрахань қаласында, «Ұран» газеті. Басқарған- А.Мұсаұлы»[12], - делінген. Сонымен қатар «Адасқанның алды жөн, арты сокпак» деген қазақтың мақалы бар. Мен басшыларымыздың бұл істерін жөн, яки жөн емес деп айта алмаймын. Дұрыс, дұрыс емесін халықтың өзі шамалап тұрған болар...» [13].

«Ұран» газетінің сол кезде большевиктер жағына шығып жатқан қазақ интеллигенциясының қадамына қолдау білдіргенін төменде жарияланған мақаладан көруге болады: «ескі үкіметке деген өшпенділік және сенімсіздік тек қана қараңғы халық арасынан орын алған жоқ, сондай-ақ біздің интеллигенция ортасынан табылып жатыр» [14]. «Ұран» газетінің бұқара көпшілік арасында үгіт-насихат жұмыстарын кенінен өрістеткені жайында С.Сүйінов былай деп жазады: «1872 жылы туып, басында Қазанда медресе бітірген, артынан Стамбулда оқыған, 1911 жылы Орлада «Қазақстан» атты газет шығаруға белсенді қатынасқандардың бірі, 1910-1917 жылдар аралығында 7 кітап жазған, есімі Алашорда құжаттарында оның көсемдерімен қатар аталатын белгілі қоғам қайраткері Ғұмар Қараш осы «Ұран» газетін шығарушылардың бірі дерлік. «Неден қорқам» деген өлеңінде большевиктердің қазан төңкерісінен қорқатынын білдірген»[15].

Алашорда үкіметі мен Алаш партиясын құруға негіз болған қазақ комитетінде ұлттық интеллигенция өкілдері де бар еді. Солардың бір Халел Досмұхамедұлы. Халел студент кезінен бастап-ақ қазақ халқын езген патша үкіметін аяусыз сынап, «Уральский листок», «Фикер», «Қазақ», «Ақжол», «Шолпан», «Сәуле» журналдарына мақалалар жазды. Бұған дәлел, 1931 жылғы 14 қыркүйектегі ОГПУ-дің тергеушісіне өз қолымен жазып берген мәлімдемесі куә. «Фикер» және «Уральский листок» газеттерінде мақалалар жарияладым. [16]. Жазушы М. Құлқенов оның баспа ісінің теңдесі жоқ еңбегіне баға бере келіп, «Баспагер, хәм редактор» атты мақаласында былай дейді: «Ол Қазан төңкерісіне дейін де тиіп-қашып редакторлық жұмыспен айналысқан санаулы қазақтардың қатарында десек, сірә, қателеспеспіз»[17].



Академик Кеңес Нұрпейісов «Қайраткер Халел» атты еңбегінде: «Газетті шығарушылар мен оның авторлары газетпен бірге өздері де рухани және саяси жағынан өсіп, марқайды»[18]. 1918 жылдың 18-21 мамырда Жымпиты қаласында Орал өңірі қазақтарының кезекті төртінші съезінде Қазақстанның бүкіл батысына ықпал етерлік ұлттық-территориялық құрылым - «Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметін» (Батыс Алашорда) жариялайды. Қазақстанның батыс өлкесіндегі мерзімді баспасөз туралы мәліметтер алғаш рет С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғак кешу» романынан, шығармаларынан орын тапты[19]. Жайық сырты бөлігі земстволық управасының апталық баспасөз органы болған – «Еркін казак» өмірге келді. Жайық сырты управасы Жымпитыда болғандықтан Орал қаласынан 60 мың сомға баспахана сатып әкелінеді. 1918 жылы Қызыл Армияның Орал қаласын алуына байланысты баспахана земство мекемесімен бірге сол жылғы жазда Ойылға көшіріледі. Сол жылғы 10 қаңтарда Қаратөбеде өткен облыстық земство жиналысының қаулысына сай газет шығаруды қолға алады. Оны С.Сейфуллин төмендегідей баяндайды: «Қаратөбе съезі. 1917 жылдың бас кезі. Съезге, Қаратөбеге Орал облысының бар оқыған қазақтары жиылды. Съездін басқармасына (президиумына) Досмұхамбет ұлдары сайланды»[20].

Батыс Алаш Орда тарихын зерттеуші тарихшы Тәж-Мұрат Мақсат газеттің сол жылдардағы арқалаған ауыр жүгіне тоқтала келіп былай деп жазады: «1 нөмірде Х.Досмұхамедовтің мақаласынан басқа «Орыстар мен орыстар соғысы» дейтін саяси талдау ыңғайындағы көлемді мақала және әртүрлі хабар-ошар жарияланған. Газет 1919 жылдың 1 қыркүйегінен бастап бұрынғы Орал губерниясының уезд орталығы, қазіргі Ақтөбе қаласына қарасты Ойыл елді-мекенінде бірнеше нөмірі жарық көрді. Шығарушысы (редакторы), әрі бастырушысы Ахмет Мәметов. Назар аударатын жәйт, баспаханадағы татар шеберлеріне іс үйрену үшін бірнеше казак баласы қосып берілген. 1919 жылдың аяқ шенінде Ойылды алған Қызыл Армия бөлімшелері аталмыш баспаханада жергілікті халыққа арнап үндеу-прокламациялар бастыртуы дәлел. 1997 жылы белгілі зерттеуші ғалым Б.Байғалиев газеттің нөмірін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорынан тауып алып, жариялады»[21].

«Дұрыстық жолы» газеті 1917 жылы 17 қарашада жарық көрді. «Ішкі Ордалықты басқарушы облыстық кіндік комитетінің хабары» (қысқаша «Хабар») деген Орда да екі тілде тұңғыш кеңестік газеттің бірінші саны да осы жылы жарық көрді. Басылым атауы бірнеше рет өзгереді. 1919 жылы 1 қаңтарда «Қазақ дұрыстығы», 26 ақпаннан 10 шілдеге дейін «Дұрыстық жолы», кейін 1920-32 жылдары «Сахара таңы», «Октябрь туы» деп аталды. 1963 жылдан бастап «Орал өңірі» деген атпен шығып келеді. 1968 жылы «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. 1919 жылғы 3-17 қаңтарда өткен мұғалімдер съезінің шешімімен бірыңғай



казак газетін шығару қолға алынады. Кейін оны Мұхамедияр Тұнғашин жетекшілік еткен РКФСР Ұлт комиссариатының Қазақ бөлімі Бөкей қосалқы бөлімі жүзеге асырады. Газеттің алғашқы өмірге келуін белгілі журналист Т.Сафиев «Газет осылай шығарылды» атты естелігін жариялайды[22]. Бұл газет туралы профессор Б.Кенжебаевтың жоғарыда аты аталған тарихи очеркінде мынадай жолдар бар: «Дұрыстық жолы», бұл газет 1919 жылы 20 ақпаннан сол жылы 10 шілдеге дейін Орда қаласында шығып тұрды. Барлығы 11 саны шықты. Бөкейдегі партия, кеңес орнының тілі болды»[23]. Тарихшы Х.Б.Табылдиев сол кездегі сауатсыздықты жоюдағы осы бөлімнің атқарған жұмыстарына тоқтала келіп, былай дейді: «Ал сауатсыздықты жою тәжірибесіне келсек, өлкедегі шараларға Орталықтың белсенді әрі нәтижелі араласқаны ақиқат[24]. Осы бөлімнің тікелей араласуымен 1918 жылы Петроград қаласынан типография, қажетті қағаз бен бояу сатып алынып, ол Ордада іске қосылды[25]. Бөкей Ордасына сол кезде жетекшілік еткен П.И. Варламов (1899-1942) еді. «РКФСР Ұлттық Халық Комиссариатының органы болып табылатын «Дұрыстық жолы» газеті мен «Мұғалім» журналының бірінші нөмірі Ордада жарық көрді» деп жазды ол өз естелігінде[26]. Газеттің айына екі ғана саны шығып тұрғанмен, халық арасында кең тараған. «Дұрыстық жолы» бетінде халық ағарту мәселесі жиі көтеріліп тұратын[27]. Газеттің бірінші нөмірінен бастап «Барлық дүние бейнетқорлары, бірігіңдер!» деген ұранмен шықты. «Жасасын Кеңес үкіметі!», «Жасасын бейнетқор халық,- деп жазды Х. Бекхожин.- Газеттің бағыты, алдына қойған мақсаты 1919 жылы 20 ақпанда шыққан бірінші нөмірде басылған «Баспасөз» деген мақаладан айқын көрінеді[28]. Жұртпен қатар мектептеріміз көбейіп, өнер-біліміміз артса, жер-суды тең бөліп, жұртымыз көгерсе, елімізді қорғайтын өзімізден әскери полк құрылса, енді одан артық не тілек, не мақсатымыз бар?!» [29]. Газеттің алғашқы осы санында Ғұмар Қараштың «Құрдастық жолы» атты публицистикалық мақаласы жарияланады. «Бұған беретін біздің төлеуіміз өз күшімізбенен жұмыс істеп, еңбегімізді елге сіңіру»,- дейді[30]. Екінші санында жарық көрген газеттегі «Екеуі екі басқа деген» деген мақаласында болашақ қазақ халқының құратын мемлекет құрылысын тандаудағы өз ойын білдірген.[31].Бөкей облысы кеңестері съезінің 1919 жылғы 29 мамырдағы қабылдаған қаулысында былай делінді: «...Аса кедей таптың және жалпы езілген халықтың бірден-бір қорғаушысы Кеңес үкіметі екендігіне көзіміз жеткен біздер, қазақтар, осы өкіметті қасық қанымыз қалғанша қорғаймыз деп ант етеміз...»[32].

Қазақтың бірінші үлгілі атты әскер полкінің комиссары Б.Жәнікешевтың 1919 жылы осы газеттің бетінде «Жорық әні» қызыл әскер қазақтар арасында кеңінен тарады. Польша, Финляндия, Прибалтика елдерінің жұмысшы қозғалысын қолдай отырып, былай деп жазған: «Қазір



еліміз бөлек болса да, ниетіміз, тілегіміз, істеп жатқан жұмысымыз бір», - деп коштаған[33]. Сол жылдары Бөкей өңірінде 90 казак мектебі ашылды. Бұл газет туралы «Қазақстан журналистикасы» энциклопедиясында төмендегідей жолдар бар: «Газета выходила 2 раза в месяц, всего 11 номеров. Подписчики были не только в Западном Казахстане, но и в Жетысуйской и Семипалатинской обл»[34]. 1919 жылы Бөкей облысында Қазақстандағы әскери газеттердің бірі әскери істері жөніндегі Қазақ Комиссариатының «Хабарлары» («Известия Киргизского комиссариата по военным делам») деген газет және «Мұғалім» атты журнал шыққан. Шығарып, таратушы – Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының Бөкей облыстық бөлімшесі, редакторы – Ғабдолғазиз Мұсағалиев. Журналдың 1919 жылы барлығы 7 нөмірі шығып, онан кейін тоқтаған. Оның саясат, педогогика, ғылым, шаруашылық, әдебиет және жергілікті хабарлар бөлімі болды[35]. Журналдың 1919 жылы 15 маусымда шыққан 7 санының бірінші беті Абай акынның махаббат туралы бір шумақ өлеңімен, әдебиет бөлімінде З.Зұлқайыровтың «Құдалық» атты әңгімесі, саяси бөлімде «Қазақ халқының оқуы» деген мақаласы жазылған[36].

Орал өңіріндегі мерзімді баспасөздің ішінде қазіргі бас газет - «Приуралье» газетінің бай тарихы бар. Оның алғашқы іргетасы сонау 1918 жылдың 17 карашасында «Известия областного исполнительного комитета Совета крестьянских, рабочих, киргизских и красноармейских депутатов» деген атпен алғашқы нөмірі жарық көрген. 1919-1920 жылдары «Киргизская правда» және «Яицкая правда» деген атпен шыққан. Кейін «Красный Урал» (1920-1932), «Прикаспийская правда» (1938-63), 1963 жылы «Приуралье» деп аталды. Алғашқы жылдары бұл газеттің жұмысын жолға қойып, қалыптастыруға атакты 25-Чапаев дивизиясының комиссары болған, жазушы Д.А.Фурманов көп үлес қосты. Осы газетке көрнекті қаламгерлер А.Гайдар, Л.Толстой, С.Сейфуллин, В.Правдухин мақала жазып тұрды. С.Сейфуллин 1923 жылы «Орал губерниясы», «Жымпиты уезі-«Алашорда ойнағы», «Қазақстан баспасөздері» деген мақалалар жазды[37]. «Еңбекшілердің саяси және көркем әдебиетке деген ынтасы артты, Кеңестер мен халық ағарту бөлімдері кітапханалар желісін ұлғайтуға және оларды әдебиетпен қамтамасыз етуге көп күш-жігер жұмсады»[38]. Мәселен, 1919 жылғы сәуірде Орал уезінің тоғыз селосы мен станицасы Центропечать агенттігінен кітапханаларды толықтыруға 2 мың дана саяси, ғылыми және көркем әдебиет, 35 көркем плакат, 300 үндеу және әрбір елді-мекенге 250 данадан газет алды[39].

«Яицкая правда» газеті Орал қаласында 1919 жылдың ақпанынан 1919 жылдың қарашасына дейін шығып, жергілікті ревком мен қалалық комитеттің органы болды. Сол жылдары жергілікті жерде казак жастарын Қызыл Армия қатарына тарту ісі күш алды. 4-армияның командашысы



М.В.Фрунзе 1919 жылы 16 ақпанда осы газет бетіне мынадай үндеу жариялады: «Өкімет билігін еңбекшілердің өз қолына алындар. Батыл, үзілді-кесілді қимылдандар, еңбекші халықты қорғау үшін полктар құрамын», деп үндеу жазды[40]. Наурыз айының басында Орал облысының Бөрлі және онымен шекаралас болыстарынан 290 казак жігіттері 4-армияның карамағына өз еріктерімен алынған, сол жылғы наурызда армия қатарына жазылу үшін 300 адам келген. 1919 жылдың жазында бір ғана Астрахань уезінен 100 казак жігіті өз еріктерімен сол кезде ұйымдасып жатқан бірінші үлгілі казак атты әскер полкіне қосылу үшін Ордаға жүріп кетті[41]. Содан кейін аталмыш газет 1919 жылдың қарашасынан 1920 жылдың ақпанына дейін Түркістан майданы 4-армиясы штабының органы ретінде «Красный боец» деген атпен шыққан.

1917 жылғы көктемдегі оқиғаларға Орал қаласындағы «Яницкая воля» атты газет белсене араласқан, кейін 1919 жылдан бастап Атырау (Гурьев) қаласында шыққан. 1917 жылдың 23-29 наурызында өткен Петроградтағы Бүкілодақтық казактар съезінен оралған К.А.Чувелев Орал қаласына келгеннен соң митингілер мен жиналыстарда кадеттер партиясының казактар әскерін қалың бұқарадан және армиядан бөлектегісі келгенін айыптаған. Сөйтіп, ол осы газеттің бірінші бетінде № 1 Орал горнизонының жеке құрамының тізімен жариялаған[42]. Сол жылдың 9 маусымы күні К.А.Чувелевтің бастамасымен қаладағы жұмысшы-металлистер клубында «тыңдаушылардың үлкен тобы» алдында елдегі азық-түліктің жайы туралы баяндама жасағаны, буржуазия өкілдері мен оның жақтастары эсер-меньшевиктердің аштықтың алдын алуға қырсыздықтары мен жайбаракаттарын қатты сынға алған[43]. Бұл газет беттерінде «Ерік», «Жер мен Ерік», «Халық еркі» деген терминдер жиі қолданылған. Батыс Қазақстан тарихының шежіресін терең зерттеп жазған Жайсаң Ақбайдың казак жерінің Батыс аймағының зиялы қауымының басшылары Халел, Жанша Досмұхамедовтердің Ұлттық автономия құрып және оны жүзеге асыруға бағытталған Жымпиты қаласындағы осы өңір казактарының төртінші съезінің жұмысына осы газет орынды баға берген[44].

Қорыта келгенде, мерзімді газеттің тарихы – оны жасаушылардың тарихы ғана емес, ол сол өлкенің өз тарихы, ел тарихы, өлке адамдарының мәдени, рухани, әлеуметтік–саяси кемелдену тарихы. Қазір бұл жерде «Орал өңірі» мен «Приуралье» газеттерінен басқа, 12 аудандық және 2 қалалық газет, бірнеше жеке басылымдар шығады. Тоталитарлық жүйенің ыдырып, республикамыздың тәуелсіздік алғанынан кейін Жайық өңірі мерзімді басылымдарының да тақырыбы мен стилінің жаңаруына ықпал етті. Газеттер енді орталықтан билеп төстеген империялық үстемдік тұсында аяқ асты болған казак тілін, ұлттық салт-дәстүрімізді, ділімізді қалпына келтіру өткен тарихты байыппен ой елегінен өткізіп қайта қарау,



ұлт бостандығы мен азаттығы жолында арпалысып, өмір кешкен қаһарман ұлдарды дәріптеу, ұлттық сананы ояту сияқты тақырыптарды өзек етіп, рухани дүниеге, мәдени игіліктерге мән беріп келеді.

### Әдебиет

1. Атабаев Қ. Мерзімді басылым-ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. Монография. Алматы. «Қазақ университеті». 1998. 145-б.
2. Печать СССР за 50 лет. Статические очерки. Москва. 1967. С. 131.
3. Лениннің ХХХІV жинағы, 317-б.
4. Мұқанов С. ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. Қазмембас, 1932 ж.
5. Мұқанов С. Есеу жылдар. 3 кітап. «Жазушы» баспасы. Алматы-1970.
6. Нұрғалиева Л. Тарих және баспасөз. (1917-1937 жылдардағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері баспасөзде: тарихнамалық зерттеу). Қазақпарат. Алматы. 2000 жыл, 11-б.
7. «Қазақ баспасөзі Октябрь өзгерісінен бұрын қандай еді, кейін қандай болды? Өзгерістің 10 жылдық мерекесіне».- Қызылорда, Қазмембас, 1927.
8. Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Қазақ ССР – нің «Ғылым» баспасы. Алматы. 1981. 245 – б.
9. Социалистическое становление нефтяной Эмбы. (Сборник документов и материалов). С. 374.
10. Иванчикова Э. И., Акашева С. С. Дореволюционная периодическая печать Казахстана. Алматы. 1998. с. 12. 68, 69, 70.
11. Бекхожин Х. Н. Қазақ Совет баспасөзі (1917-1921 жылдар). Алматы-1961.
12. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман.
13. «Қазақ» газеті. № 261. 1918, 27 ақпан.
14. «Ұран» газеті, 1917, 26 қыркүйек.
15. Сүйінов С. Бөкей Ордасы. «А-Полиграфия» ЖШС. Ақтөбе, 2003. 196-б.
16. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитеті архиві, Тергеушіге Х. Досмұхамедов өз қолынан жазған. дело № 06610 том 3.
17. Ағартушы Халел. «Арыс» Алматы 2004, 208- б.
18. Бұл да сонда. 101-б.
19. Сейфуллин С. «Тар жол, тайғақ кешу». Тарихи-мемуарлық роман. «Жазушы» баспасы. Алматы-1977. 129-б.
20. Бұл да сонда. 120-б.
21. Максат Тәж-Мұрат. Батыс Алаш-орда. «А-Полиграфия» ЖШС. Ақтөбе.
22. Сафиев Т. «Газет осылай шығарылды». Орал өңірі. 1968. 17 қараша.
23. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан (Тарихи очерк). Қазақ мемлекет баспасы. Алматы-1950, 26-б.
24. Табылдиев Х. Сауатсыздықтан білім шыңына. А. «Өлке» баспасы. 1997. 77б.
25. Зиманов С., Дәулетова С., Исмагулов М. Казахский отдел народного комиссариата по делам национальностей РСФСР. Алма-Ата. 1975. сс.



26. «Борцы за Советскую власть в Казахстане». I книга. Алма-Ата. «Казахстан». 1988 г. С. 40.
27. Табылдиев Х. Аталған еңбек. 77-бет.
28. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. (1860-1958). Алматы. «Мектеп», 1981, 74-бет.
29. «Дұрыстық жолы» газеті, 1919, № 1. 20 ақпан.
30. Қарашев Ғұмар. Құрдастық жолы. «Дұрыстық жолы» газеті. 1919. № 1.
31. Қарашев Ғұмар. Екеуі екі басқа. «Дұрыстық жолы» газеті, 1919, № 2.
32. «Дұрыстық жолы» газеті. 1919, 20 маусым.
33. «Дұрыстық жолы» газеті, 1919, № 4. 28 наурыз.
34. Журналистика Қазақстана. Энциклопедия. Алматы. 2006. С. 125-126.
35. Справочник Журналиста Қазақстана. Алматы. «Санат». 2002. С. 108.
36. «Мұғалім» журналы. № 7. 1919, 15 маусым.
37. Сейфуллин С. 5 том. Алматы. «Жазушы» баспасы 1988 жыл. 186-189-б.
38. Қазақ ССР тарихы. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы. Алматы. 1981.
39. «Яицкая правда», 1919, 20 сәуір.
40. «Яицкая правда», 1919, 16 ақпан.
41. «Яицкая правда», 1919 жыл, 5 және 22 наурыз
42. «Яицкая воля», 1917, 27 сәуір.
43. «Яицкая воля», 1917, 11 маусым.
44. Ақбай Ж. Алшын – От-Ана. Орал қаласы. 80-б.

\* \* \*

*Статья посвящена анализу истории становления СМИ в Западном Казахстане (Атырауской области) в 1917-1920-е гг. Автор подробно останавливается на формировании национальных особенностей СМИ.*

ӘОЖ 331.63:37.01

**А.С. Сарсенов**

*т.ғ.к., доцент,*

*Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты*

**АУЫЛ-СЕЛО  
ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ БІЛІМ  
ДЕНГЕЙІН КӨТЕРУ  
ЖОЛДАРЫ**

Ұлы Отан соғысынан кейін ауыл-селоньң білім деңгейі төмен құлдырап кетті. Білім мен мәдениет ошақтарының ғимараттары жөндеу көрмегендіктен мейлінше азды, олардағы жабдықтар мен жиһаздар сын көтермейтін күйге түсті. «Бүгінгі таңда, - делінді Қазақ КСР жоспарлау комитетінің үкіметке жолдаған 1949 жылғы ақпаратында, - көптеген мектептер, әсіресе шалғай ауылдардағы әбден тозған, төбесінен су ағады,



едендері шіріп тұр, терезелері тактаймен жабылған, кірпішпен қаланған». «Шығыс Қазақстан облысындағы 706 мектептің, - деп көрсетіліпті акпаратта, 589-ында сабақ өткізу мүлде мүмкін емес.<sup>i</sup> Мектептерде оқу жабдықтары-парта, такта, көрнекі құралдар, оқулық жетіспеді, оқушыларды қағаз-каламмен қамтамасыз ету қиынға соқты».

Соғыс аяқталса да көптеген балалар оқудан тыс қала берді. 1948 жылы республикадағы 7-15 жасар 200 мыңан астам бала мектеп партасына отырмаған екен.<sup>ii</sup> Бұған себеп те аз емес-тін. Біріншіден, әкесі соғыстан оралмаған бала отбасының асыраушысына айналды. Екіншіден, елді-мекендердің бәрінде бірдей мектеп бола бермеді, ал кеңшар мен ұжымшар басшылары балаларды басқа елді-мекендегі мектепке жеткізіп салатын, алып келетін көлік ұйымдастыруға ыждағаттылық таныта қоймады. Кейбіреулері балалардың оқымай, шаруашылыққа жегілгенін ұнататын. Ұлт саясатындағы өрескел бұрмалаушылық та ауыл-селодағы білім ісіне зиянын тигізді. Қиыр Шығыстан қоныс аударған кәрістер үшін де тіл, білім беру, баспасөз ұйымдастыру шешілмеген күйде қала берді. Кәріс балалары негізінен орыс мектептерінде оқуға мәжбүр болды.

Сталиндік тоталитарлық режим тұсында қуғын-сүргінде жүрген ұлттардың ғана емес, аз ұлттардың да ана тілінде білім алуына мүмкіндік туғызыла бермеді. Большевиктер партиясы Орталық Комитетінің 1938 жылды 24 қаңтардағы «Ұлт мектептерін қайта құру туралы» қаулысын бұлжытпай орындау барысында Қазақстандағы тәжік, түрік, ұйғыр, өзбек, дүнген, татар, болгар, чуваш, құмық, армян, еврей және курд тілдерінде оқытып келген мектептер бір жыл ішінде жабылып, қайта құрылды, неміс тіліндегі бастауыш, орталау мектептердің жүзден астамы жабылып, бұлар орыс және орыс-қазақ мектептері болып қайтадан ашылды.<sup>iii</sup>

Сол жылдары қазақстандық кәрістер өздерінің ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтап қалу үшін бармаған тауы, баспаған тасы қалмады. Оны тамаша ғалым Г.В. Кан былайша суреттепті: «Стремление корейцев восстановить свои права, остановить процесс утраты самобытности значительно активизировались после XX съезда партии, осудившего культ личности. Оно риняло форму «петиционной кампании». Представители корейской интеллигенции индивидуально и коллективно подавали петиции союзному и республиканскому руководству с просьбой о реабилитации корейцев, предлагали пути обеспечения полноразвитой жизни диаспоры. Это был крик души этнической группы, ставшей объектом незаслуженных репрессий, крик души после долгих лет произвола, крик души, полный горечи осознания невозможности утрат, как прошлых, так происходящих на глазах, крик души с затаенной надеждой. Надо Отдать должное гражданскому мужеству петиций, и хотя их крик стал голосом вопиющего в пустыне, они обратили внимание на проблемы корейцев».<sup>iv</sup>



Большевиктік билік басындағылар ауыл-селодағы білім берудің олқылықтарын жақсы білді. Бұған айғақ-баспасөз бетінде жарияланған сыни мақалалар. Оларда мектептің әлсіз материалдық-техникалық бағасы, оқулықтармен камтамасыз етілмегені, мұғалім кадрларының жетіспейтіндігі ашық айтылатын. 1950 жылы халыққа білім беру мәселесі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумында арнайы қаралып, білім сапасын арттыру, мектеп жасындағы балаларды тегіс оқуға тарту, балалардың оқуды тастап кетуін тоқтату, мұғалімнің біліктілігін арттыру жолдары келелі сөз болды.<sup>v</sup>

Жоғары билік органдарының білім ісіне назар аударуы ауыл-селонның интеллектуалды әлеуетін нығайтуға объективті түрде ықпал етті. Себебі жаңа мектеп ғимараттары салынды, ауыл-селоға жас мамандардың келуі өсті, ұжымдар мен кеңшарлардың әлеуметтік-мәдени шараларға қаражат бөлуі реттеліп деді.

Биік интеллектуалдық әлеуетке қол жеткізу үшін білім дәрежесін көтерудің қажетін ауыл-село тұрғындары да жақсы ұғынды. Олар қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік-мәдени айырмашылықтарды, рухани сұранысын қанағаттандырудағы қиыншылықты күнделікті тіршіліктерінен-ақ байқай алды. Мәселен, соғыстан кейінгі алғашқы жылда ауылдық жерлердегі 1200 мәдени-ағарту қызметкерінің кәсіби түгілі бастауыш білімі де жоқ болатын. Тіпті 50-ші жылдардың аяғындағы Қазақстан ауыл-селосы мәдени өмірдің көптеген саласы бойынша қаладан көп кейін тұрды: адамдардың білім деңгейі, мәдениет ошақтарының сапалық көрсеткіші, мамандармен камтамасыз етілуі қиыншылықтарды жеңіп кете алған жоқ еді.

Мәселен, 1959 жылы 10 жастағы және одан ересек қала тұрғындарының әрбір оныншысында жоғары, аяқталмаған жоғары және арнайы орта білімі бар екен де, ауыл-селолықтардың әрбір жиырмасыншысы ғана осындай білім иесі екен. Қала жұмысшыларының әрбір мыңына жоғары және орта (толық емес орта) білімді 400 адамнан келсе, ауыл-селодағы жұмысшыларға 325 адамнан келіпті.<sup>vi</sup>

Аграрлық экономика басшылары құрамында түйткілді жайлар аз еместін. 1959 жылы Қазақстан ұжымшар төрағаларының 37%-ы, төраға орынбасарларының 66%-ы, ұжымшар агрономдарының 8%-ы, зоотехниктердің 11%-ы, ветеринария қызметкерлерінің 56%-ы, инженер-техниктердің 60%-ы кәсіби білімі жоқ практиктер еді.<sup>vii</sup>

Соғыстан кейінгі ауыл-селода мектепті интеллектуалдық әлеуеттің ұстаханасына айналдырудың ғажап үлгісін көрсеткен мұғалімдер аз болмады. Солардың бірі Құмаш Нұрғалиев еді. 18 жасында қан майданға аттанған жас жігіт 19 жасында ауыр жаракат алып, екі аяқ, сол қолынан айрылды. Мәскеуде екі жыл емделген ол 12 күрделі операцияны бастан өткізгеніне қарамастан оқу-білімге құштарлығын жоғалтпады. Соғысқа



дейін казак мектебінің 7 сыныбын аяқтаған еді. Енді госпитальда жатып 8,9,10 сыныптарды экстерндік емтиханмен аяқтайды. Бухгалтерлердің бүкілодақтық сырттан оқу курстарын тәмамдайды.

1946 жылдың күзінде елге оралған Құмаш ұстаздық еңбек жолын бастап кетті. Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының Сармөңке ауылындағы мектепке орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі қызметіне орналасады.

1957 жылы Қ.Нұрғалиев облыс орталығынан 500 шақырым қашықтықта орналасқан Боран орта мектебін қабылдап алады. Оқу орнының материалдық базасы адам көргісіз тозған екен. Қыста оқушылар сыныпта бас киіммен, пимамен отыратын. Мұғалімдер бөлмесінде қисайған үстел мен 2-3 орындықтан басқа ештеңе болмайтын. Осы мектепте Қ.Нұрғалиев 31 жыл директор болып отырды. Алғашқы 4-5 жылдың ішінде мектеп айналасы көркейтіліп безендірілді, 30 мың түп ағаш отырғызылды. Республиканың, тіпті Одақтың басшыларына кіріп, мектепке жаңа ғимарат салуға қол жеткізді. 1972 жылы жалпы ауданы 8 мың м<sup>2</sup>, 960 орындық кешен пайдалануға берілді. Мұнда спорт, дене тәрбиесі залдары, ән-күй кабинеттері, кинотеатр, асхана, 60 орындық интернат жұмыс істей бастады. Мектептің оқу-өндірістік комбинатында оқушылар автомобиль, трактор жүргізуге үйренді, электрик, машинамен сыыр сауу операторы, сылақшы-сыршы мамандықтарын игерді. Мектеп бітіргендердің 25-30%-ы жоғары немесе арнайы орта оқуға түсетін, ал 70%-ға дейінгісі кеңшарда қалып еңбек жолын бастайтын. Қ.Нұрғалиев құрған авторлық мектептен ғылым докторлары мен кандидаттары, мектеп директорлары мен еңбек сіңірген мұғалімдер, мәдениет қайраткерлері мен инженерлер, заңгерлер мен офицерлер көптеп шығып, Қазақстан ауыл-селосының интеллектуалдық әлеуетін нығайтты. Алыстағы Боран ауылы білім мен тәрбиенің КСРО-ға әйгілі ошағы ретінде танылды.<sup>viii</sup>

Сонымен, соғыстан кейінгі жылдары халықтың білімі мен мәдени құлшынысы мектеп ісін алға сүйреуге, ауыл-селоның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға мол олжа салды.

1962 жылы Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңесі мектептің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беруді одан әрі дамыту туралы Заң қабылдады. Енді 7-15 жастағы, ішінара 16 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер үшін жалпыға бірдей міндетті сегіз жылдық оқу енгізілді. Заңға сәйкес жаңа оқу жоспарлары, оқулықтар мен бағдарламалар түзілді. Барлық мектептерде жаппай білім беру қорлары ашылды.

Ауыл-селоның білімі келбетін ашуға жұмысшы және село жастарының мектептері, кәсіптік-техникалық училищелер жүйесі сүбелі үлес қосты. 1945 жылы Қазақстанда небәрі 65 ауыл-село жастары мектебі болып, онда 3,6 мың ғана адам оқып жатыпты. 1950-51 оқу жылында 206 ауыл-село жастары мектебінде 7,3 мың адам оқыды. Ал 1955-56 оқу



жылында 211 ауыл-село жастары мектебінде оқитындар 12,5 мың адамға жеткен еді.<sup>ix</sup>

Интеллектуалдық әлеуетті қалыптастыруда білімнің орасан ролін барынша қолдай отырып, орын алған кемшіліктерді айтпай кету – тарихқа киянат. Ақиқатқа жүгінсек, кемшіліктер аз болған жоқ. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда мұғалімдер уақытымен айлығын ала алмай жүрді. Мәселен, 1947 жылдың күзіне қарай мұғалімдерге айлық бойынша борыш 458 мың сомға жеткен екен.<sup>x</sup> 60-шы жылдар қарсаңында мұғалімдердің алатын еңбекақысы республикалық орташа айлық есебінен төмен түсіп кетті. Мектептің қаражатын талан-таражға салушылар шықты. 60-шы жылдар басында Сарағаш ауданындағы сегіз жылдық мектептің директоры Сарыбаев деген жылпыс қоластындағыларға 11 айға дейін жалақы бермей, қызығын өзі көріпті. Бұл аздайын 7 сыныпта оқитын туысқан баланы интернатқа тәрбиеші қылып тағайындауға барыпты.<sup>xi</sup>

Ауыл-селодағы білімі үрдіске зардабын тигізген және бір қереғарлық әлеуметтік инфрақұрылымды сарқынды принциппен қаржыландыруға келіп тірелді. Оның алғашқы белгілері 50-ші жылдар ортасында пайда болды. Егер 1940 жылы Қазақстан бюджетінің 39,6 пайызы ағарту ісіне жұмсалса, 1950 жылы - 37,2 пайыз, ал 1955 жылы бар болғаны 18,5 пайызы бөлінді.<sup>xii</sup> ҚСРО тарқағанша ғылым мен ағартуға қаржы бөлу деңгейі 18-19 пайыздан аспады.<sup>xiii</sup> Сөйтіп ауыл-селолардағы мектеп ғимараттары қағаз жүзінде жоспарланып, іс жүзінде оларды салу жылдан жылға шегеріле берді. Мәселен, 1973 жылы КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі әрбір кеншар мен ірі ұжымшарда орта мектеп болсын деген шешім қабылданған еді.<sup>xiv</sup> Бірақ тапсырма орындалмады. 1981 жылы 126 кеншарда орта мектеп жоқтын.<sup>xv</sup> Қаржы бөлінбегендіктен 1971-1975 жылдарда 160 мың бала оқуға тиіс мектеп ғимараттары, 82 мың сәби тәрбиеленетін бала-бақша ғимараттары салынбай қалды.<sup>xvi</sup>

Әлеуметтік инфрақұрылымды сарқынды принциппен қаржыландыру ауыл-село мұғалімдерін пәтермен қамтамасыз етілуіне қол жеткізбеді. 1948-1951 жылдары мұғалімдерге үй салудың үш жылдық жоспары қабылданғанын жоғарыда айттық. Іс жүзінде ол 17,7 % -ға ғана орындалды. 1951-1953 жылдарға жарияланған үш жылдық жоспар да қағаз бетінде қалды. 1951-1952 жылдарда Шығыс Қазақстан облысында жоспарланған 90 үйдің орнына 22 үй, Жамбыл облысында – тиісінше 80 және 18, Көкшетау облысында – 80 үйдің орнына 6 үй ғана пайдалануға беріліпті. 1953 жылы республикада 20 мыңға жуық мұғалім баспанасы болмағандықтан пәтер жалдап тұрып жатты.<sup>xvii</sup> Кейінде де пәтер мәселесі шешілмеді. 1960-1961 оқу жылының басында 8,6 мың ауыл-селолық мұғалім, яғни барлық әріптестерінің 15 % -ы, 1965 жылы 6,9 мың мұғалім (8 %) баспанасыз жүрді.<sup>xviii</sup> 1986 жылы Қазақстандағы баспанасыз



педкызметкерлер 14 мың адамнан асып түссе, олардың жартысы – 7 мыңнан астамы – ауыл-селода еңбек етіп жүрген мұғалімдер еді.<sup>xix</sup>

